



2025 жылдың 3 қаңтарында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне сұхбат берді. Көлемді сұхбатта Президент 2024 жылды қорытындылап, еліміздің ішкі саясатының 2025 жылға арналған күн тәртібін белгілеп берді. Сондай-ақ ел басшысы сұхбатта бірыңғай уақыт белдеуі, атом электр стансасы, доллар бағамы, Талғар оқиғасы, Парламентке кезектен тыс сайлау өткізу, заң мен тәртіп, Қаңтар қасіреті, қосарланған билік, сыбайлас жемқорлықпен күрес, цифрландыру мен жасанды интеллектіні пайдалану, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, жастардың шетелге оқуға, жұмыс істеуге ұмтылуы және қоғамда қызу талқыланған басқа да маңызды мәселелерге қатысты ашық пікір білдірді.

2-6-БЕТТЕР

№1
(4745)
Сейсенбі
7 қаңтар
2025 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPAPAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



8

АСТАНА НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданың бірқатар нысанын аралап көрді. Президент 800 оқушыға және 120 мектеп жасына дейінгі балаға арналған KIS Astana мектебінің жұмысымен танысты. Сонымен қатар заманауи QazSwimAcademy спорт орталығына, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Студенттер үйіне және электровоз құрастыру зауытына барды.



«ТҰРАҚТЫ ҚАЛА» ТҰҒЫРЫНДА

Жақында Дүниежүзілік қалалық деректер кеңесі (WCCD) Астана қаласын 19 негізгі сала бойынша бағалаудан өткізді. Нәтижесінде елордаға халықаралық «Silver» деңгейі бойынша сертификат табысталды.

2014 жылы жасалған ISO 37120 стандарты 2018 жылы қайта жаңартылған. Әлемде 140-тан астам мегаполис қана аталған стандартқа сәйкес келеді. Олардың ішінде Лос-Анджелес, Лондон, Дубай, Йоханнесбург, Варшава сынды ірі қалалар бар. Енді Астана ресми түрде осы қоғамдастыққа қосылып, «тұрақты қала» мәртебесін алды. Елорда Орталық Азиядағы «Тұрақты қалалар мен қауымдастықтар – қалалық қызметтер мен өмір сапасының көрсеткіштері» стандартына лайық деп танылған алғашқы шаһардың санатына енді.

ӨЗ ҮЛЕСІНДІ ҚОС!

Астана қаласының Байқоңыр ауданында «Халық қатысатын бюджет-2025» жобасы аясында абаттандыру үшін өтінім қабылдау 2025 жылдың 1 наурызына дейін жалғасады.

Тұрғындардың бастамасы мен ұсынысы бойынша ауданды абаттандыру мақсатында жүзеге асып жатқан жобаға кәмілетке толған азаматтар өз өтінішін жолдай алады.

«Егер сіздің жобалық ұсынысыңызды дауыс беру процесінде басқа тұрғындар қолдаса, ол осы жылы қалалық бюджет қаражаты есебінен іске асыруға ұсынылады. Ұсыныстарды Байқоңыр ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурсына: baikonur-astana.kz жіберуге болады («Халық қатысатын бюджет-2025» бөлімінде)» делінген хабарламада.

Жобаға қатысты қосымша сұрақтар бойынша +7-708-205-05-56 байланыс нөміріне хабарласуға болады.



2025 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНА ҚАРАҒАН ТҮНІ ЕЛОРДАДА 10 СӘБИ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ.

Жаңа жылдың бірінші күнінде көпбейінді қалалық ауруханалардың акушерлік блогында 5 қыз және 5 ұл бала дүниеге келді. Перзентхана әкімшілігі жылдың алғашқы мерекесінде дүниеге нәресте әкелген аналарды құттықтап, жаңа жылдық сыйлық ұсынды.



ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА 2025 ЖЫЛ!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«МАҚСАТЫМ – ЭКОНОМИКАНЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ «АНА ТІЛІ» ГАЗЕТІНЕ БЕРГЕН СҰХБАТЫ

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, былтыр «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатыңызда жылды қорытындылап, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстың ба-сым бағыттарын белгілеп бердіңіз. Осындай сұхбаттар жақсы дәстүрге айналып келеді. Бұл елімізді дамытуға қатысты шаралардың мән-маңызын азаматтарымыздың терең түсінуіне мүмкіндік береді. Бүгін де мазмұнды әрі ашық әңгіме өрбітеміз деп ойлаймын. Алғашқы сұрақ: Қазақстан үшін өткен жыл несімен ерекше болды?

– Былтыр көптеген маңызды оқиға болды, қыруар жұмыс атқарылды. Мысалы, әбден тозығы жеткен инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары барлық аймақта жүргізілді. 18 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 7 мың шақырым автокөлік жолы салынып, жөнделді. Алматы, Қызылорда және Шымкент әуежайларында жаңа жолаушылар терминалы іске қосылды. Тау-кен, мұнай-химия және металлургия салаларында ауқымды жобалар жүзеге асырылды. Қайта өңдеу секторы қарқынды дами бастады. Оның өнеркәсіптегі үлесі өндіру саласының деңгейіне жуықтады. 27 миллион тоннаға жуық астық жинап, соңғы он жылдағы рекордтық көрсеткішке қол жеткізген диқандарымыздың жетістігін айрықша атап өткен жөн.

Мен былтырғы сұхбатымда 2024 жыл Қазақстан үшін айрықша маңызды жыл болатынын айтқан едім. Шын мәнінде солай болып шықты. Біз еліміз үшін күрделі болса да, жүйелі экономикалық реформаларды қолға алып, алдағы бес жылдық дамуымыздың берік негізін қаладық. Сол үшін көптеген маңызды жобалар мен бастамалар жүзеге асырылды. Келешекте бұдан да ауқымды жұмыс жасалмақ.

Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан былтырдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында төлем беріле бастады. Зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақы және азаматтық сала қызметкерлерінің жалақысы көбейді. Еліміздің түкпір-түкпірінде жүздеген жаңа мектеп, балабақша және дене шынықтыру сауықтыру орталықтары салынды. Шетелдің оннан астам беделді жоғары оқу орнының бөлімшесі ашылды. Ғылымды қаржыландыру көлемі арта түсті, мәдениет саласының қызметкерлеріне елеулі қолдау көрсетіліп жатыр. Бұқаралық спортты дамытуға баса мән берілді. Мұның бәрін азаматтардың жасампаздық әлеуетін арттыру үшін пайдалы инвестиция деуге болады.

Қазір әлемде бұрын-соңды болмаған аса күрделі геосаяси ахуал қалыптасып отыр. Соған қарамастан, Қазақстан бейбітшілік үшін диалог орнату жолында тиімді рөл атқаратын мемлекет ретінде халықаралық аренадағы позициясын күшейтті. Бұл жағдай еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және экономикамызды орнықты дамытуға септігін тигізеді.

Жалпы, өткен жыл оңай болған жоқ, тіпті күрделі жыл болды деуге келеді. Қазақстанға сыртқы факторлардың салқыны тиді, табиғат апаты да



жоспарларымызға әсер етті. Алайда біз ахуалды бақылауда ұстап қана қоймай, жан-жақты реформаларымызды жалғастыра алдық. Осылайша, жасампаздық стратегиясы одан әрі жүзеге асырылып жатыр.

– Сіз былтырғы табиғат апатын еске алдыңыз, яғни өңірлердің тең жартысын басып қалған апатат су тасқынын тілге тиек еттіңіз. Сол кезде үкелетті органдарға апаттың салдарын жою туралы нақты тапсырма бердіңіз. Содан бері жұрт ауқымды жұмыс атқарылғанына куә болды. Бірақ қарғын су кезінде қордаланған көптеген мәселенің беті ашылды. Мемлекет осы табиғат апатынан қандай сабақ алды?

– Былтырғы тасқын еліміз үшін зор сынақ болды. Мұндай апатат тасқын Қазақстанда бұрын болмаған. Мемлекет орасан зор қауіптің бетін қайтару үшін шұғыл шаралар қабылдады. Адамдар дер кезінде қауіпсіз жерге көшірілді, олардың уақытша паналайтын орындары әзірленді, материалдық резервті пайдалануға рұқсат берілді. Апаттан құтқару жұмыстарына Төтенше жағдайлар министрлігінің ғана емес, Ішкі істер және Қорғаныс министрліктерінің, Ұлттық ұланның және басқа да құрылымдардың қызметкерлері, жалпы саны 63 мыңға жуық адам жұмылдырылды. Соның арқасында көптеген азаматты құтқарып, аман сақтап қалдық. Ең бастысы – осы.

Бір ел, бір халық болып, жұдырықтай жұмыла білсек қана мұндай апаттарды еңсере алатынымызға бәріміз көз жеткіздік. Су тасқыны кезінде волонтерлер қозғалысының әлеуеті зор екенін көрдік. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген еріктілер құтқарушыларға жәрдемдесті, гуманитарлық көмек ұйымдастырып, зардап шеккендерге қолдау көрсетті. Қарғын судың қарқыны шынымен де қатты болды: үйлер, жолдар, көпірлер, әлеуметтік және коммерциялық нысандар бүлінді, біраз мал қырылды. Бөгеттер мен гидротехникалық қондырғылар салуға ондаған жыл бойы жете көңіл

бөлінгенде, апаттың салдары соншалықты ауыр болмас еді. Мұны мойындау керек. Қазір қателікті түзеп, олқылықтың орнын толтыруға кірістік. Парламентте жаңа Су кодексінің жобасы қаралып жатыр. Су ресурстарын басқару тұжырымдамасы және оның кешенді жоспары бекітілді. Онда 2030 жылға дейін 40-тан астам су қоймасын салу және 37 су қоймасын жөндеу қарастырылған. Сондай-ақ жалпы ұзындығы 14 мың шақырымнан асатын ирригация каналдарын жаңғырту көзделген.

Төтенше жағдайларды болжау және оның алдын алу жүйесін жаңғыртуға қатысты ауқымды жұмыстар басталды. Су мамандарының тапшылығы мәселесін шешу және зерттеу жұмыстарын жандандыру үшін Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті құрылды.

Былтыр желтоқсан айының басында Сауд Арабиясында One Water Summit атты басқосу өтті. Қазақстан мен Франция төрағалық еткен осы алқалы жиынға қатысып, сөз сөйледім. Онда суға байланысты апаттарға төтеп беру мүмкіндігін арттыру қажеттігіне арнайы тоқталдым. Шын мәнінде, халықаралық қауымдастық су қауіпсіздігін қамтамасыз ету және климаттың өзгеруіне қарсы күресу үшін бірлесу әрекет етуі керек. Қазақстан осы мәселеге басымызды береді. Күрделі сәттерде қоғамдағы қордаланған келеңсіздіктердің беті ашылатынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Бірақ әр қиындықтың қайыры бар. Сондықтан дағдарыс кезінде байбалам салмай, байыпты болған жөн. Біз өзекті мәселелерге қатысты дұрыс шешім қабылдап, істің көзін таба білуіміз қажет.

Әдетте мемлекеттік қызметшілерді орынсыз сынап-мінейтін әңгімелер жиі айтылады. Алайда бәрі де салыстырғанда көрінеді. Әсіресе басқа елдермен салыстыру арқылы сараланады. Біз коронавирус індетінен бастап қазірге дейін дағдарысты жағдайлардың бәрінен ойдағыдай өтіп келеміз.

Көктемгі су тасқынының салдарын жою үшін қабылданған шаралар мемлекеттің

тиімді жұмыс істей алатынын көрсетті. Зардап шеккен бірде-бір отбасы көмек-қолдаусыз қалған жоқ. Үй салынды, пәтер берілді, инфрақұрылым нысандары қалпына келтірілді, қарғын судан зардап шеккен барша тұрғындар мен кәсіпкерлердің шығыны өтелді. Мұның бәрі өте қысқа мерзім ішінде жасалды. Су тасқынының салдарын жоюға ірі бизнес өкілдері де елеулі үлес қосты.

Бүгінгі дүрбелеңге толы дүниеде техногендік сипаттағы апаттар мен табиғат апаттары көбейіп тұр. Оның бәрін еңсеруге көптеген ел, соның ішінде дамыған мемлекеттердің өзі дайын болмай жатады. Біз бұған 2024 жылы да анық көз жеткіздік. Әрине, әлі көп жұмыс істеу қажет екені сөзсіз. Дегенмен төтенше жағдайға төтеп беру тұрғысынан, Қазақстан басқа елдермен салыстырғанда лайықты орында тұр. Желтоқсанның соңғы күндері Ақтау қаласында Әзербайжан әуе компаниясының ұшағы апатқа ұшырады. 38 адам қаза болды, оның ішінде еліміздің 6 азаматы бар. Ауыр жаракат алғандар да көп. Мұндай сәтте әрбір секунд қымбат. Құтқарушылар, дәрігерлер мен тәртіп сақшылары шұғыл әрі үйлесімді әрекет етті, кәсіби деңгейі мен азаматтық жауапкершілігі жоғары екенін көрсетті. Жақын жердегі Маңғыстау өңірлік электр торабы компаниясының жұмысшылары бірден көмекке келді. Төңіректегі тұрғындар да зардап шеккендерді құтқаруға атсалысты. Азаматтарымыздың жанқиярлығы адамның өмірін сақтап қалды. Мен құтқару жұмыстарына қатысқан әрбір адамға шын көңілден ризашылығымды білдіремін. Қазақ халқының апаттан зардап шеккендерге жана-шырлығы мен тілеуестігі азаматтарымыздың жаппай қан тапсыруға асыққанынан да айқын байқалды.

Ұшақ апатының себебін анықтау үшін Үкімет комиссиясы құрылғанын атап өткім келеді. Сонымен бірге 17 халықаралық сарапшы шақырылды. Оның ішінде Халықаралық азаматтық авиация ұйымының және Мемлекетаралық авиация

комитетінің мамандары бар. Үкімет комиссиясы мәліметтің бәрі жазылған арнайы құрылғыны сол ұшақты жасаған Бразилия еліне жіберу туралы шешім қабылдады. Бұл қадам тергеу жұмыстарының объективті әрі бейтарап жүргізілуіне қажетті бірден-бір дұрыс шешім екеніне сенімдімін.

– Сіз Сауд Арабиясындағы халықаралық форумға қатысқаныңызды атап өттіңіз. Жалпы, былтыр әлемдік деңгейдегі осындай көптеген іс-шараға қатыстыңыз. Бұл сіздің сыртқы саясатқа баса мән беретінін білдірмей ме? Әрине, бұл саясаткерлік қабілетіңізді көрсетті. Бірақ бұл саясаткерлік қабілетіңізді тек сыртқы саясатқа баса мән беретінін білдірмей ме? Әрине, бұл саясаткерлік қабілетіңізді тек сыртқы саясатқа баса мән беретінін білдірмей ме?

– Қазақстан орналасқан жері, экономикалық әлеуеті және қазіргі геосаясат ахуалы тұрғысынан алғанда, әлемнің көптеген мемлекеті үшін стратегиялық маңызы бар ел саналады. Бізбен байырғы серіктестеріміз ғана емес, сонау Африка құрлығындағы мемлекеттер де достық қатынас құруға мүдделі. Батыста, жалпы жер жүзінде Қазақстанды орта дегеніміз деп атайды. Әрине, бұл мәртебенің салмағы да ауыр. Біз, ең алдымен, халықаралық аренадағы іс-әрекеттерімізге жауапкершілікпен қарап, қазіргі заманның аса күрделі мәселелеріне келгенде, сындарлы ұстанымда болуымыз керек. Сондықтан Қазақстан «барша адамзаттың ортақ үйі», еш баламасы жоқ әрі әмбебап құрылым саналатын Біріккен Ұлттар Ұйымын қашанда жақтайды.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы ретінде ішкі саясат мәселелерімен күнделікті айналысамын. Бұл – өте маңызды жұмыс. Сондықтан менің қызметімде сыртқы саясатқа қызығуым жоқ деген пікір дұрыс емес.

Менің басты мақсатым – мемлекетіміздің экономикалық әлеуетін, егемендігін және халықаралық аренадағы орнын нығайта түсу. Мемлекет басшысы болған сәттен бастап қазірге дейін қабылдаған шешімдерім мен оның түрлі салдары үшін

бар жауапкершілікті өз мойныма аламын. Мен басқаша жұмыс істей алмаймын, істегім де келмейді.

– Ақыры, Біріккен Ұлттар Ұйымы туралы айтылған соң, бір тосын сұрақ қоюға рұқсат етіңіз. Әлеуметтік желіде Сіз 2026 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымын басқаруыңыз мүмкін, соған байланысты елімізде кезектен тыс Президент сайлауы өтеді деген қауесет тарап жатыр. Осы қауесеттің негізі бар ма?

– Мен Біріккен Ұлттар Ұйымы бас хатшысының орынбасары және Қарулысулар жөніндегі конференцияның бас хатшысы ретінде осы ұйымның Женевадағы кеңсесін үш жылға жуық басқардым. Халықаралық үдерістердің қыр-сырына бойлап, мол тәжірибе жинадым. Осының өзі артығымен жетеді деп ойлаймын. Менің елімізді дамытуға қатысты талай жылға арналған ауқымды жоспарларым бар, оның бәрін жүзеге асыруға ниеттімін.

– Былтыр «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталды. Игі бастама барлық өңірді қамтыды. Сіз «Таза Қазақстан» дегеніміз көше тазалаудан әлдеқайда ауқымды ұғым екенін атап өттіңіз. Осы бағыттағы жұмыс қалай жалғасады?

– «Таза Қазақстан» акциясы қоғамға экологиялық мәдениеттің жаңа талаптарын енгізу идеясынан бастау алады. Халықтың бұл бастамаға барынша қолдау білдіргеніне тәнтімін. Әсіресе, жастарға ризашылығымды білдіргім келеді. Қазақстан азаматтары мұның кезекті бір науқан емес, озық ойлы қоғам қалыптастыру жолындағы идеологиялық платформа екенін түсінді.

Біз, түптің түбінде, табиғаттың байлығына және күнделікті тұрмыс-тіршілігімізге немқұрайлы қарайтын жағымсыз әдеттен біржола арылуымыз қажет. Тазалықты сақтау және табиғатты аялау ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналуға тиіс. Өркениетті елдердің бәрі осыны ұстанады.

Бұл акцияға 3,8 миллионға жуық адам қатысты. 1,5 миллион тоннадан астам қоқыс жиналып, 3,2 миллионнан астам көшет егінді. Осының өзі азаматтарымыздың сана-сезімі жоғары, олардың Қазақстанды өзгертуге нақты іспен үлес қосуға дайын екенін көрсетпей ме?

«Таза Қазақстан» жобасының жүзеге асуына, ең алдымен, әкімдер жауапты. Елді мекендердің тазалығы тұрмыс сапасының жоғары екенін білдіреді. Мен аймақтарға барғанда қалалардың қалай абаттандырылғанына үнемі назар аударамын. Осы ретте «Таза Қазақстан» идеясын ұлттық идеологиямыздың аса маңызды бөлігіне айналуға тиіс екенін тағы да қайталап айтамын.

– Қоғамда бірыңғай уақыт белдеуі туралы түрлі пікір бар. Парламент пен Үкіметтің арасында осыған қатысты пікірталас жүріп жатқанын да білеміз. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?

– Әрине, мен жағдайды көріп-біліп отырмын. Үкімет өз шешімінің орынды екеніне сенімді және Қазақстан бір уақыт белдеуінде болуы қажет деп санайды. Уақытты дұрыс пайдалану туралы Барселона декларациясында әртүрлі уақыт белдеуін енгізуге, оны қысқы және жазғы уақытқа ауыстыруға әуес болмау қа-

ЖӘНЕ ЕГЕМЕНДІКТІ НЫҒАЙТУ»

жеттігі айтылған. Дегенмен азаматтарымыз өтініш білдіріп жатыр. Үкіметтің шешіміне қатысты ашық талқылаулар жандана түсті. Меніңше, қоғамда көзқарас қайшылығын тудыратын мұндай мәселелерді мұқият талқылау қажет. Сондықтан Парламентте ғалымдардың, сарапшылардың және аймақ өкілдерінің қатысуымен қоғамдық тыңдау өтті. Тараптар уақыт белдеуін ауыстырудың ел экономикасына және азаматтардың тұрмысына әсері жөніндегі барлық пікірді ескере отырып, 1 наурызға дейін жан-жақты зерттеу жүргізуге уағдаласты. Содан кейін нақты ұсыныстар әзірленді. Парламент пен Үкімет бұл мәселені байыппен зерделеп, ортақ әрі дұрыс шешімге келетініне сенімдімін.

– Сіз былтырғы сұхбатыңызда «Дербестікке және қосымша өкілеттікке не болуға ұмтылған Үкімет қалағанын алды. Бірақ «алмақтың да салмағы бар», олар өздеріне қойылатын талап та күшейтінін түсінуге тиіс» деген едіңіз. Үкіметтің жаңа құрамы жасақталғанына, міне, 11 ай өтті. Меніңше, бұл – белгілі бір пайым жасауға жеткілікті мерзім. Министрлер кабинетінің жұмысына көңіліңіз тола ма?

– Үкіметтің міндеті – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және азаматтардың әл-ауқатын жақсарту. Жалпы алғанда, Министрлер кабинеті бұл міндетін орындап отыр. Экономиканы әртарапандыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту, инфрақұрылымды жаңғырту сияқты бағыттар бойынша былтыр атқарылған жұмыстың нәтижелері жаман емес. Алайда бәрі мінсіз деуге келмейді, проблемалар да бар. Мен министрлерден неғұрлым тиімді жұмыс істеуді және шешім қабылдағанда батыл болуды үнемі талап етемін. Қоғам да Үкіметтің жұмысына жоғары талап қояды. Бұл – өте орынды әрі қалыпты жағдай. Сондықтан Үкіметтің жұмысы нақты нәтижеге орай, әділ бағаланады. Басты көрсеткіш – азаматтардың тұрмыс сапасы. Экономикадағы жетістіктер адамдардың күнделікті өміріне оң әсерін тигізбесе, оны әншейін сөз жүзіндегі жетістік деуге болады. Жуық арада Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтеді. Сол кезде жылды қорытындылап, қазіргі мәселелерді талқылап, жаңа жоспарлар жасаймыз. Қазақстанға экономиканың 4 пайыздық өсімі аздық ететіні анық. Бұл туралы шетел өкілдеріне де айтып жүрмін. Үкімет экономиканы барынша дамыту үшін тың тәсілдер табуға тиіс.

– 2024 жылдың қараша айында теңгенің долларға шаққандағы бағамы 500-ден асып кетті. Оны белгілі бір психологиялық меже деуге болады. Ұлттық валюта бағамының тұрақсыздығына нарықтағы түрлі фактор әсер ететіні түсінікті. Дегенмен мұндай қаржы-валюта саясаты қаншалықты орынды? Бұл жағдай экономикалық реформаларды жүзеге асыруға бөгет болмай ма?

– Қазақстан әлем экономикасының ажырамас бөлігі болғандықтан, теңгеге сыртқы факторлар әсерін тигізбей қоймайды. Доллардың нығаюынан дамушы елдердің валютасы қысым көреді. Зер салып қарасақ, көптеген мемлекеттің валютасы қараша айынан әлдеқайда бұрын әлсірей бастады. Ал теңгенің бағамы ұзақ уақыт тұрақтылығын сақтап тұрды. Біздің валюта бағамын

қолдан ұстап тұру тәжірибесінен бас тартқанымызға біраз уақыт болды. Нарық факторларына байланысты еркін бағам қалыптастыру жолын таңдадық. Мен теңгені күшейту үшін еліміздің алтын-валюта қорын босқа ысырап ету орынсыз деп санаймын. Нарыққа қатысы бар кейбір құрылымдар теңге бағамын басқаруға қолайлы ету туралы ұсыныстар айтып жүр. Ұлттық банк пен Үкімет оның бәрін мұқият қарастырып жатыр. Мәселені зерделеген соң бұл бағыттағы ұстанымсызды өзгерту қажет пе деген сауалдың жауабы белгілі болады. Басты мақсат – экономиканың тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз ету, нақты секторды қарқынды дамыту, еңбек өнімділігін арттыру және тұрақты жұмыс орындарын көптеп ашу.

Ашығын айтсам, экономист басшылардың қазіргі жұмысын орташа деп бағалаймын. Олар халықаралық қаржы институттарының тілімен әдемі сөйлейді, алайда нақты нәтижесі бар шаруа шамалы болып тұр. Қазір өңірлердегі ахуалды және экономиканың іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін жақсы

лыпты жағдай. Мұндай жайттар Қазақстандағы оқиғаға дейін де болған, кейін де бола береді деп ойлаймын.

Қаңтар туралы түрлі долбарға толы алып қашпа әңгімелер толастамай тұр. Оның босқа ысырап ету орынсыз деп санаймын. Нарыққа қатысы бар кейбір адамдар деректерді бұрмалап, азаматтардың көңіл күйін өз пайдасына бейімдеуге тырысады. Тәртіп орнатуға және ахуалды тұрақтандыруға қатысты батыл шаралар қабылдаған соң, мен құзырлы органдарға Қаңтар оқиғасының мән-жайын толық әрі шынайы тергеу-тексеру туралы тапсырма бердім. Тергеу ашық жүргізілді. Қылмыскерлер жазасын алды. Парламентте біздің арғы-бергі тарихымызда бұрын-соңды болмаған арнайы тыңдау ұйымдастырылды.

Алғашқы парламенттік тыңдау Қаңтар оқиғасынан кейін үш айдан соң, ал екіншісі бір жылдан кейін өтті. Тыңдау барысында мемлекеттік органдардың өкілдері ғана емес, құқық қорғаушылар да сөз сөйледі. Түрлі ой-пікір ашық айтылды, жайсыз сұрақтар қойылды. Мұның бәрі тікелей эфирде

жасамағанда, қазір Қазақстан дербестігі мен егемендігі әлдеқайда шектеулі, мүлде басқа мемлекетке айналар еді. Біз халықтың берекелі бірлігінің арқасында осы ауыр сынақтан сүрінбей өттік. Қаңтардағы оқиғадан бәріміздің зор сабақ алғанымыз сөзсіз. Біріншіден, елдегі билік жұдырықтай жұмыла білуге тиіс, қосарланған билікке ешқашан жол берілмеуі қажет. Екіншіден, Президент – «Құдайдың жердегі көлеңкесі» емес, мемлекетті басқару үшін белгілі бір мерзімге сайланған менеджер ғана. Үшіншіден, жоғары мемлекеттік лауазымдарға үміткерлерді, соның ішінде күштік құрылым басшыларын мұқият іріктеу керек. Олар Отанымызға, яғни Қазақстан Республикасына адал болуға тиіс. Ең бастысы, «Заң мен тәртіп» қағидатын басшылыққа алып, ел бірлігін көздің қарашығындай сақтап, әділдік қағидатын барынша орындыру қажет. Бұл қағидатқа қарсы шығатындар «демократиялық құндылықтар» деген желеумен қоғамға ірікті салып, түбінде қазақ мемлекетінің жоюды көздейтіні айдан анық. Бұған еш көңуе болмай-

ке қайтару – популистік қадам емес, керісінше, әділдік қағидасы негізінде Қазақстанды жаңғырту стратегиясы. Әділетті мемлекет дегеніміз – құқықтық мемлекет. Онда азаматтардың бәрі заң алдында тең болады, заңдарды, ережелерді және нормаларды қатаң сақтай отырып, жалпыға бірдей мүмкіндіктерді толық пайдалана алады. Айтпақшы, заңсыз алынған қаржы және басқа да активтерді қайтаруға қатысты жұмыстың нәтижесінде 2022 жылдан бері мемлекет қазынасына 2 триллион теңгеден астам (4,1 миллиард доллар) қаражат түсті. Бұл қаржы мектептер мен маңызды инфрақұрылым нысандарын салуға және өзге де әлеуметтік міндеттерді орындауға жұмсалып жатыр. Әділдік дегеніміз осы емес пе?

– Сіз тұңғыш президенттің қызметін, оның елге сіңірген тарихи еңбегін әділ бағалау қажеттігін бірнеше рет айттыңыз. Көпшілік мұндай ұстанымның орынды екенін біртіндеп түсіне бастады. Жалпы, Нұрсұлтан Әбішұлымен жиі хабарласып тұрасыз ба?

– Кез келген дәуірдің жақсы

айту керек, ол отставкаға кеткеннен, Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы болып отырған кезде саяси сыпайылықты сақтай бермейтін. Мұны да айта кеткен жөн. Үнемі Премьер-министрді, Ұлттық банктің төрағасын, министрлерді, әкімдерді шақырып алып, жиналыс өткізетін. Бұған өз азаматтарымызды былай қойғанда, шетел басшылары мен дипломаттары да таңдана қарайтын. «Назарбаев қызметінен кеткен соң тіпті жоғарылады, енді Президент те оған бағынады» деген әзіл әңгіме де пайда болды. Ал, шын мәнінде, бұл әзілдейтін жағдай емес еді.

Бұл жағдай қосарланған билік туралы алып қашпа әңгіменің өршуіне әкеп соқты. Шенеуніктер де кабинеттен кабинетке жүгіріп, кімнің тапсырмасын орындайтынын білмей дал болатын. Ол аз десеңіз, кейбір шенеуніктер «Елбасы институты Президент билігінен жоғары тұруға тиіс» деп, ақылға сыймайтын жағдайды заң жүзінде негіздеме болды. Нұрсұлтан Назарбаевтың 2021 жылғы қарашада өткен Astana Club жиынында 92 жастағы Махатхир Мохамедты мысалға келтіріп, өзінің Ақордаға қайтып келуі мүмкін екенін мәлімдеуін және бұрынғы президенттің сол жылы желтоқсан айында Санкт-Петербург қаласында өткен ТМД елдерінің саммитіне қатысуын нағыз билік дағдарысына әкеп соқтырған негізгі оқиғалар деуге болады. Соның алдында ғана жергілікті бір саясаттанушы оған «Елбасының алтын дәуірін» қалпына келтіру үшін батыл шаралар қабылдау қажеттігін айтып, арандатушылық мазмұндағы хат жолдаған еді. Алайда қазір парасаттылық танытып, Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанға сіңірген тарихи еңбегін лайықты бағалау керек. Мен Президент ретінде мемлекет мүддесін басшылыққа алуға, ел бірлігін бәріннен биік қоюға міндеттімін. Сіздің сұрағыңызға келсек, қазір біз шамамен айына бір рет телефон арқылы сөйлесіп тұрамыз.

– Жақында тұңғыш президенттің Мәскеуге барып, Владимир Путинмен кездесуін жұртшылық сан-саққа жүгіртті. Биліктен кеткеннен кейін бес жылдан соң бұлай жүзесудің ақылға сыймайтыны айтылды. Қазақстанда алдағы уақытта Президент сайлауы өтеді-міс деген болжамдар да пайда болды. Мұндай кездесу кімге және не үшін қажет, бұған кім бастамашы болды? Сіздің пікіріңізді білсек.

– Нұрсұлтан Назарбаев пен Владимир Путиннің желтоқсандағы кездесуі өткен жылдағы екінші жүздесуі ғой деймін. Күз басындағы бірінші кездесу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында айтылған жоқ. Олар байырғы достар әрі әріптестер ретінде жүздесетін болса керек, ортақ әңгімелері де бар шығар. Мұндай кездесулер әдетте Нұрсұлтан Әбішұлының бастамасымен өтеді. Ол үшін мұның маңызы зор. Бұрынғы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы, партия басшысы және егемен Қазақстанның президенті ретінде Нұрсұлтан Әбішұлының Кремльмен тығыз моральдық естен саяси байланысы барын естен шығармаған жөн. Оның талай уақыты Мәскеуде өтті, сан мәрте іссапарға барды, съезд және пленум отырыстарына қатысты, жұмыс бабымен және ресми сапарлармен де болды.

– Сіз «Заң мен тәртіп» қағидасы туралы жиі айтасыз.



билетін, яғни жергілікті жерде еңбек етіп, ысылған мамандар қажет. Былтыр 17 желтоқсанда Премьер-министр Олжас Бектеновпен кездескенде осы мәселені талқыладық.

– Былтыр Қаңтар оқиғасына 3 жыл толды. Содан бері көп нәрсе айтылды. Өзіңіз де бұл мәселеге егжей-тегжейлі тоқталдыңыз. Оны былтырғы сұхбатта да тілге тиек еттіңіз. Осыған қатысты өткір сауалдарға қайта-қайта жауап беру оңай емес. Дегенмен бұл тақырыпты айналып өте алмаймыз. Ел ішінде «Қаңтар оқиғасының құпиясы толық ашылған жоқ» деген пікір бар. Бұған не айтар едіңіз? Ондай қасірет қайталанбауы үшін не істеу қажет?

– Қаңтар оқиғасынан үш жыл өткенде азаматтарымыздың көпшілігі елімізде бұрын-соңды болмаған осы дүрбелең көпе-көрінеу әлеуметтік әділетсіздіктің, саяси тоқыраудың, сондай-ақ қаскөйлердің шектен тыс мәнмендігінің және олардың халық пен мемлекет тағдырына немқұрайлы қарауының кесірінен орын алғанына өбден көз жеткізді. Өкінішке қарай, бұл – әлем тарихы үшін қа-

көрсетілді, бұл процесс туралы еліміздің және шет мемлекеттердің бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазды. Билік халықтың көкейінде ешқандай күмән қалмауына мүдделі болғандықтан, мұндай қадамға саналы түрде барды.

Қаңтар оқиғасы туралы сөз болғанда, әр адам сол күндері көліктердің құрағанын, дүкендердің тоналғанын, қаскөйлердің мемлекеттік ғимараттарды басып алғанын, сарбаздардың соққыға жығылғанын, қару-жарақтың ұрланғанын және әйелдердің зорлық-зомбылыққа ұшырағанын еске алуы керек. Жауапкершіліктен жұрдай саясаткерсымақтардың шындыққа жанаспайтын жалған ақпарат таратып, мемлекетімізге шынымен де қатер төнген сәтті жұрттың жадынан өшіру үшін әрекет жасауына жол бермеу керек. Абырой болғанда, азаматтардың көбі күріштен күрметті айыра алады. Мемлекетіміздің тірегі – осындай көзі ашық, көкірегі ояу адамдар.

Бір нәрсе анық, сол кезде тәртіпсіздікті бастаған және төңкерісті ұйымдастырған адамдардың қимылына дереу тосқауыл қойып, батыл әрекет

ды. Заң үстемдігі – демократияның ең биік шыңы. Бұл мақсатқа жету оңай емес.

– Сіз Әділетті Қазақстанды құрып жатқаныңызды айттыңыз. Жалпы, Әділдік дегенді қалай түсінесіз? Реформалардың түпкі мән-мағынасы неде деп ойлайсыз? Әділетті Қазақстан дегеніміз бәрін әлеуметтік тұрғыдан теңестіру ме, әлде әділ бәсекеге жол ашу ма?

– Ең алдымен, әділдік барлық елде және барлық заманда халықтың қалауы болғанын айта кеткен жөн. Мұның Қазақстанға да қатысы бар. Жоғарыда айтқанымдай, қасіретті оқиғаға дейін бізде әділдік деңгейі өте төмен болғаны рас. Әділдік – бәрін теңестіру деген сөз емес. Менің ел байлығын әділ бөлу туралы ұстанымым меншік иелерін мүлкінен түгел айырып, активтерді қайта бөлу дегенді білдірмейді. Біз іштен іруге және жүгенсіздіктің белең алуына әкеп соқтыратын мұндай жолмен жүрмейміз. Сондықтан кезінде бәзбіреулерге орынсыз берілген артықшылықтар мен жеңілдіктерді алып тастау, заңсыз алынған активтерді мемлекет-

жағы да, көлеңкелі тұстары да бар. Біздің жаңа тарихымызда жарқын сәттер әлдеқайда көп болды. Бұл – ақиқат. Салыстырмалы түрде алғанда, қысқа мерзім ішінде мемлекеттігіміздің берік тұғыры қалыптасты, билік институттары құрылды, жаңа астанамыз бой көтерді, шекарамыз шегенделіп, заң жүзінде бекітілді. Көптеген елмен тиімді қарым-қатынас орнатылды, экономикаға шетелден инвестиция тартылды. Осы жетістіктің бәрін жоққа шығару дұрыс болмас еді. Біз әділетті мемлекет құрамыз десек, тарихқа да, оны жасауға атсалысқан азаматтарға да әділ қарауымыз керек. Мұның бәрі, түптөп келгенде, ұлттық болашағы үшін қажет. Өткенді ой елегінен өткізіп, оны әділ әрі шынайы бағалай алмасақ, алға сеніммен қадам баса алмаймыз. Саяси ахуалдың ықпалымен өз тарихыңды көпе-көрінеу бұрмалай беруге болмайды. Ел шежіресін басынан бастап қайта жазу тіпті қауіпті. Әрине, Нұрсұлтан Назарбаев ұзақ жыл бойы ел тізгінін ұстаған уақытта кемшіліктер болды. Бірақ ештеңе істемеген адам ғана қателеспейді. Ашығын

«МАҚСАТЫМ – ЭКОНОМИКАНЫ

Кейбіреулер мұны қоғамға «қылбұрау салу» деп қабылдап жатыр. Бұған не айтар едіңіз?

– «Заң мен тәртіп» қағида-сы құқық қорғау саласына ғана арналған деп тұжырымдаған дұрыс болмайды. Мен бұл қағиданы тереңірек түсінемін. «Заң мен тәртіп» – мемлекеттік құрылыстың басты қағидаты. Бұл ретте жазалау шараларын қолдану арқылы қоғамға жаппай бақылау орнату туралы айттып отырған жоқпыз. «Заң мен тәртіп» қағидаты – шын мәнінде кемел демократияның тірегі, құқықтық мемлекеттің негізі. «Заң мен тәртіпке» бағынбасақ, құқық нормаларына құрметпен қарамазақ, Әділетті Қазақстанды құрып, оны өркендеген мемлекет ете алмаймыз. Сондықтан біздің міндетіміз – бұл қағидатты еліміздің құндылықтар жүйесіне барынша кіріктіріп, халық болмысының, қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыру. «Заң мен тәртіпті» берік орнықтыру үшін көп уақыт пен күш-жігер қажет екенін түсінемін. Себебі бәрі бірдей бұл қағидатты қатаң ұстануға, оны өмір салтына айналдыруға әлі дайын емес. Бірақ талаптанған адам қалайда мұратына жетеді.

– **Талғардағы қылмыстық оқиға ел ішінде үлкен дүрбелең тудырды. Жұртшылық Сіздің осы жағдайға қатысты пікіріңізді білгісі келеді.**

– Қайталап айтамын, елімізде «Заң мен тәртіп» қағидаты мызғымастай орнығуға тиіс. Мен Талғар оқиғасына дейін жариялаған Жолдауымда құқық қорғау органдарының қылмыспен қарақшылықтың тамырына балта шабулы талап еттім. Қанша оқиғасы кезіндегі жаппай тәртіпсіздікті қылмыстық топтар жасағанын естен шығармаған жөн. Мемлекет ұйымдасқан қылмыспен ымырасыз күрес жүргізуге шамасы жететінін соңғы екі жылда анық көрсетті. Аса қауіпті қылмыстық топтар өшкерілініп, құрықталып жатыр. Олардың сыбайластары мен қаржы көздері де анықталып отыр. Былтыр 246 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде ұйымдасқан қылмыстық топтардың 30 басшысы бар. Бұл жұмысты мен ерекше бақылауда ұстап отырмын.

Талғардағы оқиғадан кейін құқық қорғау органдары қажетті шаралардың бәрін қабылдады. Күдіктілер қамауға алынды. Тергеп-тексеру жұмыстары аяқталуға жақын. Көп ұзамай осы іске қатысты сот болады. Бұл оқиғаға орай құзырлы органдар қабылдаған барлық шара заң талаптарына толық сәйкес келеді. Ал басқаның бәрі – құр дақпырт пен теріс пиғылды кейбір топтардың осы жағдайға саяси сипат беруге деген ұмтылысы ғана. Бұған жол беруге болмайды. Осы оқиғаға қатысы бар азаматтар бойынша мына мәселені еске салғым келеді. Қазақ халқы шетелден келген отандастары «қандасым» деп, құшақ жая қарсы алды. Тарихи Отанына оралғандар Қазақстанның заңдарына қатаң бағынып, қоғамдық тәртіпті сақтап, заңсыз әрекеттерден аулақ болуы керек. Олар бұрын өздері тұрған елде биліктің талабын сақтап, ондай әрекет жасаған жоқ қой?!

– **Былтыр көптеген заңнамалық жаңалық болды. Қабылданған заңдардың ішінен қайсысы маңыздырақ деп ойлайсыз?**

– Маңызсыз заң деген болмайды, заңның бәрі маңызды. Сауалыңызға жауап ретінде мен өзімнің Жолдауларымда және Ұлттық құрылтайдың отырыс-



тарында бастамашылық етіп, қабылдануына түрткі болған бірқатар заңды атап өтейін. Ол заңдар қоғам өкілдерінің, сарапшылардың белсене қатысуымен әзірленді және сонымен маңызды. Осының өзі мемлекет пен азаматтық қоғамның заңнамаларды жетілдіру жолында тиімді серіктестік орната алатынын көрсетеді. Мысалы, әйелдердің құқығын қорғауға және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған заң қабылданды. Бұл құжатта тұрмыстық зорлық-зомбылық сияқты, турасын айтқанда, масқара әрекеттердің тамырына балта шабу көзделген. Әйелдер мен балаларға қатысты қандай да бір зорлық-зомбылық жасағандарға жаза күшейтілді. Оған қоса, жас балаларды өлтірген немесе зорлаған адам өмір бойы бас бостандығынан айырылатын болды. Кәмелетке толмағандарды басынып, мазақ қылғандар енді әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Бұл талап алғаш рет заң жүзінде бекітілді. «Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтаушы жүйенің заңнамалық негізін қалыптастыру үшін көп жұмыс атқарылды. Онда жинақталған қаржыны Қазақстанның және шетелдің колледждері мен жоғары оқу орындарында білім алу, сондай-ақ тұрғын үй алу үшін жұмсауға болады.

Азаматтардың үсті-үстіне несие алып, қарызға батуына жол бермеуді көздейтін заң қабылданды. Соған сәйкес несие сін 90 күннен артық уақыт төлей алмай жүрген адамдарға кәсіпкерлікке қатысы жоқ несие беруге тыйым салынды. Сондай-ақ адамдар несие алуға өзіне-өзі тыйым сала алатын болды. Медицина қызметкерлерін құқықтық жағынан қорғау шаралары күшейтілді, оларға берілетін әлеуметтік кепілдіктер жақсарды. Балалар мен жастардың арасында жаппай тарап, нағыз індетке айнала бастаған вейперді са-туға және таратуға тыйым салынды. Есірткі өндіргені үшін жазаланды. Есірткіні өндіретін үшін жазаланды. Есірткіні өндіретін үшін жазаланды. Есірткіні өндіретін үшін жазаланды.

– **Сіз реформалардың үздіксіз жалғасатынын бірнеше рет айттыңыз. Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің алғашқы форумына елімізді одан әрі жаңғырту үшін тың бастамалар көтеріліп, шешімдер қабылданатынын аңғарттыңыз. Бұл қандай бастамалар? Саяси реформалар жалғаса ма?**

– Соңғы бес жыл бойы жүргізілген реформалар – азаматтарымыздың негізгі сұранысы мен мемлекеттің ұзақ мерзімге арналған мүддесіне негізделі отырып мұқият ойластырылған стратегия. Оның саяси астары жоқ. Негізгі саяси реформалар жасалып бітті. Оның бәрі қоғамда жан-жақты талқыла-нып, ақырында көпшіліктің қолдауына ие болды. Соның арқасында негізгі институттардың бәрі ашық әрі тиімді болып тұрды. Билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік және тежемелік жүйе күшейді, ең бастысы, азаматтардың саяси

төлмағандарды құмар ойынға тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленді, аты-жөні борышкерлердің бірыңғай тізіміне енгізілген адамдардың құмар ойын ойнауына тыйым салынды. Бұл шаралар талай шаңырақты шайқалтқан, адамдарды қылмыс жасауға, өзіне қол жұмсауға итермелеген ойынқұмарлықтың таралуымен күресуге арналған. Тағы бір маңызды заңнамалық жаңалық – бұзақылық және вандализм жасаған, біреудің мүлкін қасақана бүлдірген адамдарға берілетін құқығын қорғау туралы заң қабылданды. Мұның бәрі қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және заң талаптарына бағынатын азаматтардың құқығын қорғау тұрғысынан маңызды. Сонымен бірге заңнамалық толықтырулардың нәтижесінде 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап қылмыстық, әкімшілік және азаматтық істер бойынша үш дербес қассаиылық сот жұмыс істей бастайды. Осылайша, азаматтар мемлекеттік органдар тарапынан бұзылған өз құқықтарын қорғай алады. Былтыр көптеген маңызды заңнамалық бастамалар жүзеге асырылды. Алайда заңның қабылдануы істің басы ғана, сол заңдардың іс жүзінде жұмыс істеуі одан әлдеқайда маңызды екенін түсіну керек. Бұл ретте, заң талаптары қоғамның сұранысына сай болса ғана сақталады. Сондықтан біз биыл да халықтың үміті мен мүддесін және елімізді дамыту жолындағы басымдықтарды негізге ала отырып, құқық қорғау жүйесін жетілдіру жұмыстарын жалғастырамыз.

– **Сіз реформалардың үздіксіз жалғасатынын бірнеше рет айттыңыз. Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің алғашқы форумына елімізді одан әрі жаңғырту үшін тың бастамалар көтеріліп, шешімдер қабылданатынын аңғарттыңыз. Бұл қандай бастамалар? Саяси реформалар жалғаса ма?**

– Соңғы бес жыл бойы жүргізілген реформалар – азаматтарымыздың негізгі сұранысы мен мемлекеттің ұзақ мерзімге арналған мүддесіне негізделі отырып мұқият ойластырылған стратегия. Оның саяси астары жоқ. Негізгі саяси реформалар жасалып бітті. Оның бәрі қоғамда жан-жақты талқыла-нып, ақырында көпшіліктің қолдауына ие болды. Соның арқасында негізгі институттардың бәрі ашық әрі тиімді болып тұрды. Билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік және тежемелік жүйе күшейді, ең бастысы, азаматтардың саяси

өмірге белсенді араласу мүмкіндігі едәуір артты. 2022 жылғы маусым айында өткен референдумның нәтижесінде Конституция баптарының үштен бірі жаңарғанын қаперге сала кетейін. Мұның өзі реформаның қаншалықты ауқымды екенін көрсетеді. Қазіргі таңда көптеген реформа іс жүзінде жүзеге асырылып жатыр. Біздің бағыт-бағымыз айқын, мақсатымыз белгілі. Соған сәйкес, алғашқы нәтижелер де бар. Бірақ реформа – ұдайы жүретін үдеріс. Қоғамда нақты сұраныс болса, жаңа реформалар әзірленеді. Реформалар елді өркендету ісінің ажырамас бөлігі болған, бола да береді. Мен халыққа Жолдауымды жариялағанда мемлекетімізді одан әрі дамытуға қатысты тың бастамалар ұсынамын. Ұлттық құрылтайдың отырыстарында азаматтардың көкейіндегі өзекті мәселелерге баса назар аударып жүрміз. Биыл да солай болады.

– **Қазақстанды парламенттік басқару жүйесіне көшіру үшін іргелі реформа дайындалып жатыр деген ақпарат тарайды. Шынығын солай ма?**

– Әрине, парламенттік басқару жүйесі де жұмыс жүргізуге қақылы. Бұл жүйе Еуропадағы, тіпті Азиядағы бірқатар елде әбден орнығып, тамырын тереңге жайған. Бірақ биліктің әмбебап формуласы жоқ. Әр мемлекет саяси жүйесін таңдаған кезде төл тарихына, ұлттық болмысына, саяси тәжірибесіне сүйенеді. Менің аппаратым қазақтар тәжірибесі мұқият зерделеп жатыр. Посткеңестік елдерде парламенттік басқару жүйесі жақсы қырынан көріне алған жоқ деген пікірге келіссіз деп ойлаймын. Грузиядағы соңғы оқиғалар осы пайымға нақты дәлел бола алады. Мемлекеттік биліктің саяси жүйесін таңдау – айрықша жауапты шешім. Мұндай шешімдер үркердей топтың оңаша басқосында емес, тек қана жалпыхалықтық референдумда қабылдануы керек. Менің «Күшті Президент» – Бқпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» атты тұжырымдамам Қазақстанның саяси жүйесіне ең қолайлы тұжырымдама екеніне сенімдімін. Бірақ оны толығымен жүзеге асыру үшін біз әлі талай жұмыс істеуіміз керек. Президенттік басқару тәсілі Қазақстан үшін қазір де, таяу кезеңде де ең ұтымды тәсіл деп сенемін. Мемлекетіміздің тұрақты әрі орнықты дамуына зияны тиетін шешім қабылдауға менің де, сіз бен біздің де еш қақымыз жоқ. Мұндай мәселеге байланысты қателікке жол беруге болмайды. Түптеп кел-

генде, Конституцияға енгізілген өзгерістің бәрі – Парламенттің реформалануы, ауыл, аудан және қала әкімдерінің сайлануы, Ұлттық құрылтайдың құрылуы және, ең бастысы, заң үстемдігінің басымдыққа айналуы – осының барлығы саяси тоқырауға ұшырамауға сенімді кепілдік береді.

– **Елімізде мерзімінен бұрын парламент сайлауы бола ма? Бұл туралы қазір жиі айтыла бастады.**

– Мұндай болжамдар бар екенін білемін. Бұл ақпарат әдейі таратылып жатыр деп ойлаймын. Біздің елде жаңа Үкімет жұмысына кіріскен бетте оның отставкаға кететіні туралы әңгіме тарайды. Парламент туралы да дәл солай деуге болады. Мен Парламент депутаты азаматтық және саяси жауапкершілік танытып, жақсы жұмыс істеп жатыр деп ойлаймын. Ал Үкімет – ауыс-түйіске бейім құрылым. Оның құрамында түрлі жағдайға, оның ішінде «Апапат» партиясының және Парламенттегі басқа да партиялардың ұстанымына байланысты өзгерістер болуы мүмкін. Меніңше, Парламент сайлауын мерзімінен бұрын өткізуге әзірге еш негіз жоқ. Сайлау заңда белгіленген мерзімдерге сәйкес өтеді. Парламент өзіне тиесілі мерзім аясында қызметін атқаруға құлықты. Ал Үкімет бекітілген бағдарламалар мен жоспарларға сәйкес әрекет етіп, оң нәтижеге жету үшін жұмыс істеп жатыр. Стратегиялық міндет – тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуға қамтамасыз ету, еліміздің өңірдегі көшбасшы мәртебесін нығайту.

– **Әркім өзінің жеке басының жағдайына қатысты мәселелерге көбірек мән береді. Таяу арада азаматтардың талап-тілегіне, қалауына сай келетін қандай жобалар қолға алынбақ?**

– Біздің реформаларымыздың, экономиканы дамыту үшін қабылдап жатқан шараларымыздың бәрі азаматтардың әл-ауқатын жақсартуды, тұрмыс сапасын арттыруды көздейді. Басқа мақсат жоқ, бұл – Үкіметтің ең басты міндеті. Былтыр жазда 2029 жылға дейінгі Ұлттық инфрақұрылым жоспары қабылданғанын қаперіңізге сала кетейін. Онда жалпы инвестиция көлемі 40 триллион теңгеден асатын 200-ден астам жобаны жүзеге асыру қарастырылған. Биыл ұзындығы 836 шақырым болатын «Достық – Мойынты» темір жолының екінші желісі салынып бітеді. Бұл жоба еліміздің көлік-тран-

зит инфрақұрылымын түбегейлі өзгертеді. Осы бағыттағы темір жолдың жүк тасымалдау мүмкіндігі 5 есе артады, контейнер пойыздары жүкті бұрынғыдан едәуір жылдам жеткізетін болады. Бір айта кетерлігі, мұндай ауқымды жоба алғаш рет өз жобалаушыларымыздың, инженерлеріміз бен құрылысшыларымыздың күшімен жүзеге асырылды. Сондай-ақ Алматы бекетін айналып өтетін темір жолдың құрылысы аяқталады. Бұл жоба Алматы темір жол торабына түсетін салмақты едәуір азайтып, жүк жеткізу мерзімін қысқартады. Жолаушылар тасымалының сапасын арттыру үшін вагондар жаңартыла береді. Биыл энергетика саласында жалпы қуаты 600 мегаваттан асатын ірі жобаларды жүзеге асыру жоспарланған. «Жасыл энергетика» саласы да зор серпінге ие болады. Шетел инвесторларыман жел, күн және су электр стансаларын салу туралы келісімдеріміз бар. Теңіз кенішін келешекте кеңейту жобасының құрылысы аяқталады. Мұнай өңдеу, мұнайгаз-химия саласын дамыту ісіне баса назар аударылады. Атап айтқанда, Ақтау битум зауытының өндірістік қуаты арта түседі. «Талдықорған – Үшарал» магистралды газ құбыры, «Жаңаөзен – Ақтау» газ құбырының төртінші желісі, сондай-ақ Атырау облысындағы автоматтандырылған газ тарату стансасы пайдалануға беріледі. Машина жасау саласын дамыту жұмыстары да жалғасады. Әлемге әйгілі брендтерге тиесілі автокөліктер құрастыратын жаңа өндіріс орындары іске қосылады. Қостанайда іштен жану қозғалтқышына қажетті шойын құймалар және жетекші белдемнің белшекеті шығарыла бастайды. Экономиканың дамуына зор серпін беретін ірі инфрақұрылым нысандарын салуға Ұлттық қордың қаражатын жұмсауға болады, дұрысы, жұмсау қажет деп санаймын. Бұл қор ақшаны шетелді қаржы институттарында қаттап-шоттап сақтау үшін емес, осындай мақсаттарға жұмсау үшін құрылған жоқ па?! Мемлекет тұрғын үй құрылысы саласын одан әрі дамыту, баспаналарды қолжетімді ете түсу үшін шаралар қабылдайды. Кезекте тұрған азаматтарды жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін тиісті жұмыс жалғасады. 2029 жылға дейін жыл сайын 10 мың адам осындай баспанаға ие болады деп жоспарланған. Мен жақында тұрғын үй саясатына қатысты түзетулер енгізілген заңға қол қойдым. «Отбасы банкі» баспанаға мұқтаж адамдарды «бір терезе» қағидаты бойынша тізімге алумен және оларға баспана бөлумен айналысатын толыққанды даму институтына айналады. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мәселесіне де баса назар аударылады. Ауылдағы денсаулық сақтау жүйесін жаңғыртуға арналған ұлттық жобаның аясында ауылдық жерлерде медицина нысандарын салу жұмыстары жалғасады. Елімізде 460 мың оқушыға арналған 217 жайлы мектеп салу жоспарланған. Оның 105-інің құрылысы аяқталды. Мақсатымыз – апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқытатын мектептер мәселесін, сондай-ақ мектептегі орын тапшылығына қатысты түйткілдерді толығымен шешу. Бір ай бұрын 2025-2027 жылдарға арналған Республикалық бюджет қабылданды. Құжатта әлеуметтік бағыт басты басымдық ретінде сақталды. Онда денсаулық сақтау, білім беру саласына және әлеуметтік қажет-

ЖӘНЕ ЕГЕМЕНДІКТІ НЫҒАЙТУ»

тіліктерге өте қомақты қаржы қарастырылған.

– Цифрландыру ісін қолға алып, жасанды интеллектті енгізбесек, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту мүмкін емес екені қазірдің өзінде түсінікті. Еліміз болашақта осы салада не істей алады?

– Азаматтарымыз мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтерді цифрландыру ісінің артықшылықтарын жақсы біледі. Электронды үкімет сайтындағы қолжетімді қызметтердің тізімі үнемі толықтырылып келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының рейтингінде Қазақстан E-government-ті дамыту көрсеткіші бойынша әлемде 24-орын иеленді. Бұл – тәуір нәтиже, бірақ оған тоқмейілісіп, арқаны кеңге салуға болмайды. Көрсеткіштерді барынша жақсарту керек. Мен мұны Үкіметке жиі айтып отырамын. Бұдан бөлек, еліміздегі банктер де адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігін едәуір жеңілдету үшін өздерінің цифрлық экосүйесін қалыптастырып жатыр. Қазақстаннан экспортталатын IT-қызметтер саны артып келе жатқаны көңіл қуантады. Astana Hub табысты жұмыс істеп тұр. Бұл технопарк бір жарым мыңнан астам компанияның басын біріктіреді. Оның үштен біріне жуығы – шетелдік компания. Осылайша, еліміз жаһандық цифрлы көшпенділер үшін қолайлы мемлекетке айналып келеді. Қазақстан Еуразия кеңістігіндегі ең ірі цифрлы хабтың бірі бола алады. Оған мүмкіндігіміз толық жетеді. Ол үшін жасанды интеллект технологияларын дамыту керек. Болашағы зор жобалар қазірдің өзінде бар. Мысалы қазақ тілінің KazLLM атты цифрлы тіл моделінің алғашқы нұсқасы жасалды. Бұл – қазақ тілінде ойлап, сараптама жасап, қазақша сөйлесе алатын жасанды интеллект. Осы бағыттағы жұмыстар жалғаса береді. Жыл соңына дейін жасанды интеллекттің Alem.AI атты халықаралық орталығы ашылады. Бұл орталық инвестиция тартатын, әлемдік тәжірибені және инновацияларды енгізетін орынға айналуы керек. Таяу жылдарда жасанды интеллект өте қарқынды дамып, жұрттың өмір туралы ұғымын, тіпті тұрмыс-тіршілігін де түбегейлі өзгертетінін ескерген жөн. Милы машиналар, яғни интеллектісі жағынан адамды он орайтын роботтар пайда болатын күн алыс емес. Оның үстіне бұл роботтар эмпатияға, яғни сезіну және эмоция білдіру сияқты адамға тән қасиеттерге ие болады. Жастарға мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында жасанды интеллект технологияларын қолдана білуді үйрету маңызды. Бытыр еліміздің 15 университетінде Google компаниясының жасанды интеллект жөніндегі курстары енгізілді. Осы саланың мамандарын даярлау үшін арнайы бағдарлама әзірлеу мәселесі пысықталып жатыр (AI-Sana). Нейрожүйелердің пайдасы ұшан-теңіз болғанымен, оған туындайтын қатерлер де бар. Мысалы, алаяқтар фото-бейне-жазбалар жасап, адамның дауысын келтіру үшін де соны пайдаланады. Сондықтан көптеген мемлекет жасанды интеллект технологияларының қолданылу аясын заңмен реттеуге кірісті. Біздің депутаттарымыз да жасанды интеллект туралы заң әзірлеу керек деп бастама көтерді. Осы маңызды жұмыспен тиянақты түрде, мұқият айналысу қажет. Жасанды интеллектті жауапкершілікпен қолдану қағидаларын жасап, оның этикалық мәселелерін жан-жақты

ойластыру керек. Бірақ осы саланы реттегенде жасанды интеллектті шектеуге емес, керісінше, оны дамыту жағына мән берілуге тиіс. Бұл технологияларды кеңінен қолданысқа енгізу орасан зор мүмкіндіктерге жол ашады. Оны қалт жібермей, игілікке жарату қажет.

– Сіз бизнесті қолдау мәселесіне ерекше мән бересіз. Инвесторлармен, кәсіпкерлермен кездесесіз. Еліміздегі кәсіпкерліктің даму үрдісіне көңіліңіз тола ма?

– Мен инвестиция және бизнес саласындағы ахуалды жақсартуға, кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға айрықша назар аударамын. Күздегі Жолдауымда Үкіметке осыған қатысты нақты тапсырмалар бердім. Бытыр сауірде кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау үшін бизнесті жүргізу мәселесіне қатысты заң қабылдадық. Қазір мемлекеттік бақылау жүйесін ретке келтіріп жатырмыз. Бұрынғыдай заңсыздықтарды тексеруге емес, оның алдын алуға көбірек басымдық беріліп отыр. «Басынан бастап реттеу» тәсілі енгізіліп жатыр.

сипат беруге, әділ бәсекені күшейтуге және экономиканы әртараптандыруға ықпал етеді. Осы орайда, Үкімет жанынан құрылған Инвестициялық штаб «бір терезе» қағидатына сай әрекет етіп, шешімдер қабылдап, өзіне жүктелген міндетті толық атқарып жатқанын атап өткен жөн. Мемлекеттің инвестициялық ахуалды жақсарту жолындағы жұмысы жемісін беріп жатыр. Жақында Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық мұхит елдеріне арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясы инвестиция жөніндегі баяндамасын жариялады. Онда Қазақстанның 2024 жылы жаңа жобаларға 15,7 миллиард доллар көлемінде тікелей шетел инвестициясын тартқаны көрсетілген. Бұл оның алдындағы жылмен салыстырғанда 88 пайызға артық. Біз Солтүстік және Орталық Азиядағы ең жоғары көрсеткішке қол жеткізіп отырмыз. Аймақтағы шетел инвестицияларының үштен екісіне жуығы, яғни 63 пайыз Қазақстанның еншісінде. Мен бизнес өкілдерімен, инвесторлармен алдағы уақытта

сыбайлас жемқорлықпен күресуге жауапты мекеменің басшыларына науқаншылдыққа салынбай, байыпты шешімдер қабылдау қажеттігін үнемі айтып отырамын. Өйткені әрбір шешімнің артында адам тағдыры тұр. Ал шенеуніктердің ұсталғаны туралы ақпараттың жиі шығуы биліктің абыройына белгілі бір деңгейде нұқсан келтіргенімен, мемлекеттің ашық жұмыс істейтінін көрсетеді. Бірақ мұндай қадамсыз «Заң мен тәртіп» қағидаттарына негізделген әділетті мемлекет құру мүмкін емес.

– Қазақстан мен Ресейдің арасында ежелден тығыз экономикалық және мәдени-гуманитарлық қатынас орныққан. Бытыр қараша айында Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Бұл сапар біздің елде де, шетелде де жұрттың жігі назарында болды. Сондағы келіссөздердің нәтижесін қалай бағалайсыз?

– Ресей Президентімен өткізген келіссөздер аса мазмұнды болды. Біз сауда-экономи-

калық бөлек, біз телефон арқылы сөйлесеміз, халықаралық форумдар аясында кездесеміз. Бір сөзбен айтқанда, үнемі хабарласып отырамыз. Мұның бәрі Қазақстанға да, Ресейге де қажет. Өйткені бұл екі ел басты рөл атқаратын Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін керек.

– Сіз Атом энергетикасына қатысты референдум кезінде ақпарат құралдарының алдында сөз сөйлеп, атом электр стансасын салуға озық технологиясы бар шетел компаниялары тартылады дедіңіз. Халықаралық консорциум құрылатын болды. Үкімет қай компанияларға басымдық беретінін айқындады ма?

– Владимир Путиннің Астанаға сапары кезінде бұл мәселе де талқыланды. Жобаға тапсырыс беруші ретінде Қазақстан жағы Консорциумда бас оператор болады деп уағдаластық. Атом стансаларын салуға байланысты шетелдерде тәжірибесі мол, білігі жоғары «Росатом» компаниясының жобаға қатысуы мүмкін екені айтылды. Сондай-ақ Қытайдың азаматтық

өңірлік және халықаралық ахуалға қатысты барлық мәселені емен-жарқын талқылады. Ешқандай көзқарас қайшылығы жоқ. Қытай үшін Қазақстан – аса маңызды стратегиялық серіктес. Қарқынды әрі жан-жақты дамып келе жатқан қазақ-қытай ынтымақтастығы, шын мәнінде, мәңгі стратегиялық серіктестік деңгейіне жетті. Мұның Қазақстан мүддесіне сай келетіні сөзсіз. Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары кезінде Төраға Си Цзиньпин Қытайдың елімізге ешқашан зиянын тигізбейтінін, біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді барынша қолдайтынын атап өтті. Бұл – өте маңызды мәлімдеме. 2023 жылы Қазақстан мен Қытай арасында өзара визасыз режим орнатылды. Жаңа бастама алыс-берісті дамытуға және екі халықтың достығын нығайтуға оң әсерін тигізіп жатыр. Қарастан азаматтары Қытайды жаңа қырынан танып, оның технологиялық тұрғыдан алып мемлекетке айналғанына көз жеткізе бастады. Қытай жұрты да біздің отандастарымызға достық пейіл танытып отыр. Қы-



Кейбір экономикалық қылмыстар қылмыс санатынан шығарылды, экономикалық құқық бұзушылықтың 29 түрі бойынша қамауға алу жазасын қолдануға тыйым салынды. Мұның бәрі кәсіпкерлердің мүддесі үшін жасалды.

Мемлекет субсидия, жеңілдетілген несиелі және кепілдендірілген қарыз беру арқылы шағын және орта бизнеске қолдау көрсетіп отыр. Шағын және орта бизнестің ел экономикасындағы үлесі үздіксіз артып келеді. Бүгінде осы бизнестің өкілдері 4,3 миллион адамға, яғни еңбек етіп жүрген азаматтардың тең жартысына жуығына жұмыс тауып беріп отыр. Сондықтан кәсіпкерлік бастамалар ел экономикасының негізгі қозғаушы күшіне айналып келеді деп сеніммен айтуға болады. Мемлекет ірі бизнесті де дамытуға мүдделі. Осындай кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі де, жергілікті қауымдастықтармен ұзақ мерзімге арналған серіктестік қатынас орнатуға деген құлшынысы да зор. Бұл – қуанарлық жағдай. Мемлекет пен бизнестің ықпалдастығы арқылы көптеген әлеуметтік мәселе шешімін тауып жатыр. Қазақстанда өз жұмысына жана технологияларды енгізіп жүрген озық ойлы кәсіпкерлердің жаңа буыны пайда болды. Мұндай кәсіпкерлер әлемдік бәсекеге түсуге де қабілетті. Қазір шетелдік бизнестің Қазақстанда өз өкілдігін ашып жатқаны да көңіл қуантады. Бұл жағдай отандық нарыққа халықаралық

кездесетін боламын. Оларды жасампаз бастамаларын қолдаймын. Үкімет пен барлық мемлекеттік органдардан да осыны, яғни бизнеске құлақ асып, онымен үйлесімді жұмыс жүргізуді, болашағы зор жобаларға қаржы салатын кәсіпкерлер мен инвесторларға қолдау көрсетуді талап етеміз. Бизнеске мүлде қысым көрсетілмеуі керек. Шенеуніктер мен күштік құрылымдардың қызметкерлерін мұндай әрекеттері үшін жазалап жатырмыз, алдағы уақытта да жауапкершілікке тартатын боламыз. Ал кәсіпкерлер алаяқтық жасамай, заң аясында жұмыс істеуге тиіс.

– Қоғамда сыбайлас жемқорлық туралы жиі айтылады. Оған қарсы белсенді күрес жүргізіліп жатқанын көріп отырмыз. Жалпы, шенеуніктердің ұсталғаны туралы ақпараттар елімізде жемқорлық өршіп тұрғандай әсер қалдырады. Шынымен де солай ма?

– Сыбайлас жемқорлықпен жүйелі түрде күресу – аса қажетті жұмыс. Бұған еш күмән жоқ. Мемлекет жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылық фактілерін анықтау ғана емес, жемқорлықтың алдын алу үшін жұмыс жүргізіп жатыр. Қазақстан жемқорлыққа қарсы күрес жолында ең озық халықаралық стандарттарды, соның ішінде Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы енгізіп жатқан талаптарды басшылыққа алады. Бұл – өте жоғары талап, біз соған сай болуымыз керек. Бұған қоса, мен

ка, көлік-логистика, энергетика, мәдениет, білім беру және басқа да салалардағы ынтымақтастық мәселелерін жан-жақты талқылады. Астанаға Ресей Үкіметі мүшелерінің жартысына жуығының келуі Ресей үшін Қазақстанның стратегиялық маңызы жоғары екенін көрсетеді. Келіссөздердің нәтижесі туралы көп жазылды, көп айтылды. Әрине, біраз дүние жақты талқылауға мүмкіндік туды. Сондай-ақ әңгіме барысында халықаралық проблемалар бойынша өзара түсіністігіміз бекемделе түсті. Мен Қазақстанның көп жақты саясатының мәнін ашық айтып, Ресеймен стратегиялық серіктестігімізді және одақтастық қарым-қатынасты дамыту туралы ұстанымға берік екенімізді жеткіздім. Президент Путин – тәжірибелі мемлекет қайраткері. Ол Қазақстанның ерекшелігін және Орталық Азия аймағындағы ең ірі экономика-жақты маңызды ел екенін жақсы түсінеді. Сондықтан Ресей біздің елмен сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарын нығайту үшін белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Басқаша болуы да мүмкін емес. Себебі екі ел арасын құрылған ең ұзын үздіксіз шекара қосып жатыр. Владимир Путиннің шетелге сапарының ең көбі біздің елге жасалғаны, яғни оның Қазақстанға 33 рет келгені де көп жайттан хабар

мақсатта қолданылатын ядролық нысандар салу ісіндегі зор жетістіктері ескеріле отырып, осы елдің компаниясымен келіссөз жүргізіліп жатыр. Жобаға басқа да мемлекеттердің, оның ішінде Батыс елдерінің корпорациялары қызығушылық танытып отыр. Биыл конкурстық рәсімдер өткізіледі. Содан кейін Үкімет түпкілікті шешім қабылдайды. Қазақстанға қуатты атом стансасы қажет екенін анық, мен бұған сенімдімін. Оған қоса, таяу арада екінші, тіпті үшінші атом электр стансасын салуымыз мүмкін екенін оқиғасын ашық айтып, Ресеймен стратегиялық серіктестігімізді және одақтастық қарым-қатынасты дамытуға барлық мүмкіндік бар. Ең бастысы, екі ел басшыларының саяси ерік-жігері жеткілікті. Сондықтан аталған мақсатқа жетуге әбден болады. Жоғары деңгейдегі диалог 2025 жылы да жалғасады. Төраға Си Цзиньпин «Орталық Азия – ҚХР» саммитіне қатысады деп жоспарланып отыр. Оның Қазақстанға алдағы сапары, сондай-ақ биыл күзде Қытайда өтетін келіссөздер екі елдің сан салалы ықпалдастығын одан әрі нығайтуға септігін тигізеді деп сенемін.


– Сіз жетекшілікте болып келе жатырсыз. Оның Қазақстанға алдағы сапары, сондай-ақ биыл күзде Қытайда өтетін келіссөздер екі елдің сан салалы ықпалдастығын одан әрі нығайтуға септігін тигізеді деп сенемін.

– Иә, Президент Дональд Трамппен мазмұнды әрі ашық әңгіме болды. Ол Қазақстанға АҚШ-тың маңызды стратегиялық серіктесі ретінде жақсы қарайтынын сеніммен айта аламын. Біз жоғары деңгейде

жұмыс бабындағы байланыста боламыз деп уағдаластық. Трамп және оның командасы халықаралық саясатқа жаңа көзқарастар орнықтырып, тың тәсілдер енгізумен айналысады. Мұның бәрі әлемдегі ахуалға ықпал етері анық. Мен қазақ-америка қарым-қатынасын нығайтуға өткен ғасырдағы 90-жылдардың ортасынан бері атсалысып келемін. Өзара ықпалдастықты нығайту жолындағы отыз жылдан астам уақытта басымдықтарға, яғни сауда-экономика, инвестиция саласындағы ынтымақтастыққа, ядролық қаруды таратпау және қауіпсіздікті сақтау мәселелеріне қатысты ортақ ұстаным қалыптасты. Ақ үйдің жаңа басшылығымен бірлесе атқарылатын жұмысқа да осы мәселелер арқау болады. Телефонмен сөйлескенде Дональд Трамп Украинадағы әскери іс-қимылды тоқтатуға қатысты біздің пікірімізді сұрады. Бұл мен үшін тың тақырып емес. Өйткені 2024 жылы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың көптеген басшысы менен осы жөнінде сұраған болатын. Ерекше жағдай қалыптасып отыр: Ресей әскери тұрғыдан жеңілмейді, ал Украина Батыстағы одақтастарының көмегімен соғыста беріспей, тым болмағанда жеңіліп қалмаудан үміттеніп отыр. Сондықтан бұл мәселенің айрықша күрделі екенін, оның шешімі қақтығысып жатқан екі ел басшыларының ерік-жігеріне және әлемдік держава көшбасшысы ретінде Трамптың өзіне де байланысты екенін айттым. Қазақстан Украинада әскери іс-қимыл басталған сәттен-ақ бейбітшілікті орнату үшін кеңісөздер жүргізу қажеттігін айтып келе жатқанын атай отырым. Біз еш жерде ара ағайын атануға өзіміз сұранып, ұмтылмайтынмызды қадап айтуға тиіспіз. Халықаралық аренада Қазақстанның әлеуеті мен мүмкіндіктеріне қарай әрекет жасаймыз. Бірақ халықаралық мәселелердің шешілуіне жәрдемдесуге әрдайым дайынбыз. Әрине, халықаралық аренадағы күрделі ахуал біздің белгілі бір елдермен сауда және саяси қарым-қатынасымызға салқынның тигізеді. Сондықтан біз сыртқы үрдістердің жағымсыз ықпалын азайтуға тырысамыз. Қазақстан мүдделі мемлекеттердің бәрімен өзара тиімді прагматикалық байланыс орнатуды көздейді.

– **Түркі елдері ынтымақтастығының аясы үздіксіз кеңейіп келеді. Былтыр Қазақстан Түркі мемлекеттері ұйымының төрағасы ретінде бауырлас елдердің байланысын бекемдеуге едәуір үлес қосты. Түркі әлемінің алдағы ықпалдастығы жолында Қазақстан қандай рөл атқарады деп ойлайсыз?**

– Қазақстан Түркі мемлекеттері ұйымының бастауында болды. Осы ұйымға мүше елдер – біздің көршілеріміз әрі маңызды геосаяси серіктестеріміз. Біз төрағалық еткен кезде саяси және сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуге баса мән бердік. Бірқатар ауқымды жобаны жүзеге асырдық, 80-нен астам іс-шара ұйымдастырып, нақты нәтижеге қол жеткіздік. Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті. Оқу орындары мен академиялық құрылымдардың, шығармашылық зиялы қауым өкілдерінің арасында тығыз байланыс орнады. 2021 жылы түркі әлемінің рухани астанасы болып жарияланған көне Түркістан қаласы халықтармыздың достығын нығайту ісінде айрықша рөл атқарады. Соңғы 10 жылда Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің арасындағы алыс-беріс айтарлықтай артты.



ҚАЗАҚСТАН – ӘЛЕУМЕТТІК МЕМЛЕКЕТ.

СОНДЫҚТАН БЫЛТЫРДАН БАСТАП «ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ТӘЛЕМ БЕРІЛЕ БАСТАДЫ. ЗЕЙНЕТАҚЫ, ЖӘРДЕМАҚЫ, ШӘКІРТАҚЫ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛАҚЫСЫ КӨБЕЙДІ.

ЕЛІМІЗДІҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНДЕ ЖҮЗДЕГЕН ЖАҢА МЕКТЕП, БАЛАБАҚША ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҚТАРЫ САЛЫНДЫ.

Мемлекет басшысы ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «Ана тілі» газетіне берген сұхбатынан

2024 жылы өзара сауда-саттық көлемі 45 миллиард доллардан асты. Елдеріміз Транскаспий халықаралық көлік дәлізінде маңызды рөл атқарады. Біз энергетика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, цифрландыру салаларындағы ықпалдастықты күшейтуді көздеп отырмыз. Қазақстан осы ұйымның төрағасы ретінде «TURKTIME!» ұранын ұсынды. Бұл аббревиатура өзара қарым-қатынастың дәстүр (Traditions), унификация (Unification), реформалар (Reforms), білім (Knowledge), сенім (Trust), инвестиция (Investments), медицина (Mediation) және энергия (Energy) сияқты сегіз басымдығын білдіреді. Осы басымдықтарды Түркі мемлекеттері ұйымы ғана емес, бүкіл түркі әлемі қызығушылықпен қабылдады. Қазақстан түркі дүниесін біріктіруді көздейтін барлық жасампаз бастаманы қолдайды, Ресейдің «Алтай – түркілердің алтын бесігі» атты тұжырымдамасына да жақсы қарайды. Еліміз түркі халықтары арасындағы байланысты нығайту, сондай-ақ ортақ тарихи-мәдени бай мұрамызды насихаттау ісіне алдағы уақытта да атсалыса береді.

– **Сіз бұған дейін шетелдік сарапшылар мен дипломаттар Қазақстанды орта держава деп атай бастағанын айттыңыз. Орта державалар қандай рөл атқарады және осы мәртебеге ие болған Қазақстан не істей алады?**

– Мен бұған қақтығыс пікірімді ел ішінде де, шетелдерде де айттым. Қазір халықаралық қатынастар жүйесі кері кетіп барады, тіпті құлдырай түсті деуге болады. Тұрақсыздық күшейіп, ірі державалардың бірін-бірі айыптауы белең алды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі қауқарсыз болып қалды. Осындай қиын халықаралық ахуалға көптеген мемлекет, соның ішінде Қазақстан да алаңдап отыр. Бұл – орынды алаңдаушылық. Себебі қалыптасқан жағдай ол елдердің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына мүмкіндік бермейді. Бүгінде барынша әділ әлем қалыптастыруға деген сұраныс өте жоғары. Осы тұрғыдан алғанда, орта державалар халықаралық сенім дағдарысын және жауапкершілігі жоғары жаһандық көшбасшыларға деген тапшылықты еңсеру жолында маңызды рөл атқара алады деп ойлаймын. Орта державалар күш-жігерін жұмылдырып, жанжалдасып жатқан геосаяси орталықтардың арасында жаңа әрі мықты дәнекер бола алады. Сол арқылы халықаралық текетіректің қызуын бәсеңдетеді. Мен орта державалар үшін дәл осындай шақ туғанына сенімдімін.

– **Биыл Ұлы Жеңістің мерейлі белесін атап өтеміз. Басқа да көптеген мемлекет сияқты, Қазақстан үшін де бұл датаның символдық мәні зор. Осыған орай қандай іс-шаралар жоспарланып отыр?**

– Биылғы мемлекеттік іс-шаралардың ішінде Ұлы Жеңістің

80 жылдығы ерекше орын алады. Қазақстандықтар нацизмді талқандауға елеулі үлес қосты. Біздің аталарымыз бен әкелеріміз барлық майданда жанқиярлықпен соғысты. Оның үстіне, Қазақстан әскерді қару-жарақпен, өнеркәсіп өнімдерімен және азық-түлікпен қамтамасыз ету ісінде маңызды рөл атқарған сенімді тұлғалар болды.

Мен Ұлттық құрылтайдың Атыраудағы отырысында Жеңістің мерейлі белесін атап өтуге дайындалу қажеттігін айттым. Сол кезде жариялаған бастамаларым қазірдің өзінде жүзеге асты. Мысалы, «Ай-бын» орденінің үш дәрежесі әйгілі батырларымыз Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың есімімен аталатын болды. Қазақстанның 604-әуе базасына әйгілі ұшықшы, Кеңес Одағының екі мәрте батыры Сергей Луганскийдің есімі берілді. Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметова мен Хиуаз Доспанованың өшпес ерлігін міндетті түрде жадымызда жаңғыртымыз. Жеңісті мерекелеуге арналған жоспарда көптеген іс-шара қамтылған. Оның ең бастысы – Астанада өтетін әскери шеру. Соғыс және тыл ардагерлеріне құрмет көрсетіледі, ешкім де елеусіз қалмайды. Концерттер мен көрмелер өтеді, деректі фильмдер мен бағдарламалар түсіріледі, тарихи кітаптар мен фотоальбомдар шығарылады. Жауынгерлеріміздің есімін ел жадында сақтау үшін зерттеу жұмыстары жалғаса береді. Б.Момышұлының – 115, М.Ғабдуллиннің – 110, Ә.Молдағұлованың 100 жылдығы салтанатты іс-шаралар тізіміне кіреді. Жеңістің биылғы мерекесі Қазақстанның бірде-бір азаматын бей-жай қалдырмайтынына сенімдімін. Өйткені біздің елде сұрапыл соғыстың зардабын тартпаған отбасы жоқ деуге болады. Соғыста қаза тапқандарды ұмытпай, қаһарман ерлеріміздің рухына тағзым ету, ел ішінде бейбітшілік пен тыныштықты сақтау – баршаға ортақ парызымыз.

– **Тағы бір өзекті мәселе бар. Соңғы кезде қазақ тілінің қолданылу аясы едәуір кеңейді. Мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін азаматтардың саны көбейді. Бұл қазақ тіліне деген сұраныстың арта түскенін білдіреді. Бұдан бөлек, шетелдіктердің де тілімізді үйренуге деген қызығушылығы күшейді. Қоғамда қазақ тілінің ролі одан әрі арта түсуі үшін не істеу керек деп ойлайсыз?**

– Иә, дұрыс айтасыз. Қазақ тілінің бәсекеге қабілеті және оны үйренуге деген қызығушылық барынша артып келеді. Ең бастысы, қазақ тілін білу санға айналды, жастарымыз оны меңгеруге ұмтылатын болды. Мемлекеттік тіл азаматтардың қызмет бабында өсуіне және табысқа жетуіне жол ашатын маңызды фактор саналады. Еліміздің бизнес өкілдері маркетинг саласындағы науқан-дарын қазақ тілінде сөйлейтін тұтынушылардың сұранысы

на қарай өткізетін болды. Мұның бәрі мемлекеттің өте абай болуды қажет ететін әрі саяси тұрғыдан маңызды саналатын осы саладағы саясаты тиімді жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Сөз арасында айта кетейін, дүние жүзінде 7 мыңнан астам тіл бар. Соның ішінде үш мыңнан астам тілге жойылып кету қаупі төніп тұр. Қазақ тілі бұл топқа кірмейді. Ана тіліміз 2024 жылы әлемде ең кең таралған тілдердің арасында 79-орынға тұрақтады. Осы ретте күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы кеңес заманында ана тілімізді әлемдік лингвистика картасынан жойылып кетуден сақтап қалған зиялы қауым өкілдерінің, ақын-жазушылардың, журналистер мен ғалымдардың, мұғалімдер мен мәдениет қайраткерлерінің, ауыл еңбеккерлерінің, яғни барша отаншыл азаматтардың еңбегін бағалауымыз керек. Бұдан да жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін ғылым-білім саласындағы инфрақұрылымды жаңғыртуды, мектептер мен басқа да оқу орындарында қазақ тілін үйрету жүйесін жетілдіруге қоса оқытушылардың мәртебесін арттыру мәселесін де шешу қажет. 2023 жылы «Қазақ тілі» қоғамының бастамасымен құрылған арнаулы қорға қолдау көрсету керек. Цифрлық технологияларды қолдануға баса мән берген жөн. Өйткені қазақ тілінің алдағы тағдыры, еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеті көбіне осыған байланысты болады. Шығармашылық жастар және креативті индустрия мемлекеттік тілді дамыту ісіне пайдасын тигізе алады. Мемлекет экономикадағы болашағы зор осы саланың өркендеуіне барынша қолдау көрсетеді. Отандық және әлемдік нарықта қаржылық жағынан тиімді әрі сұранысқа ие болатын түрлі контентті қазақ тілінде жасау қажет. Бұл жерде әдебиет, музыка, кино, сериал және компьютер ойындары туралы айтып отырмын. Ана тіліміздің болашағы жарқын екеніне менің еш күмәнім жоқ. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде халқымызды ұйыстыру жолында маңызды рөл атқара береді. Бірақ тіліміздің тұғырын нығайтатын деп, оны басқа тілдерге, соның ішінде орыс тіліне қарсы қоймау керек.

– **Сіз өз сөздеріңізде жастарға айрықша назар аударасыз. Қазақстан жастарының өзін-өзі дамытуына мол мүмкіндігі бар. Оларға барлық жол ашық деуге болады. Кейбір жастардың құмар ойынына, есірткіге тәуелді болғанын немесе күні бойы еш мақсатсыз әлеуметтік желіде отырып, алтын уақытын босқа өткізіп жатқанын көргенде қынжыласыз. Жас ұрпақты саяси жауапкершілігі жоғары әрі жан-жақты дамыған азамат етіп тәрбиелеу үшін не істеу керек?**

– Мен түрлі жиындарда жастарымыз туралы жиі айтамын. Өйткені олардың болашағын ойлап, шын жүректен тілеулікті білдіремін. Еліміздің

тағдыры – жастардың қолында. Біз отаншылдығын нақты ісімен көрсететін әрі мәдениеті жоғары ұрпақ өсіруге міндеттіміз. Реформаның бәрін жастардың игілігі үшін жасап жатырмыз. Бұл – әншейін әдемі сөз емес, мемлекет стратегиясының түпкі мәні. Бүгінгі жастар біздің жас кезімізге қарағанда әлдеқайда көп біледі. Қазіргі технология дәуірінде бұл – қалыпты нәрсе. Қазақстанда дарынды, білімді әрі мақсатына ұмтыла білетін қыз-жігіттер көп. Дәл сол себепті мен жастарға сенім деп жалықпай айта беремін. Бір ғана тілегім, ақыл-кеңесім бар: жас азаматтарымыз дүниетанымы тұрғысынан жасампаз, ойлау қабілеті жағынан сындарлы болуға тиіс, олар жақсы мен жаманның аражігін ажырата білуі керек. Жастарымыз халқымыздың болмысына жат идеялардың жетегінде кетпесе, күйзеліске түспесе, нигилизмге бой алдырмаса екен деп тілеймін. Олардың белсенді, тәртіпті, білімпаз, еңбекқор болғанын қалаймын. Тәуелсіздік ұрпақтары қазірдің өзінде ғылым, спорт, бизнес, креативті индустрия және мемлекеттік қызмет саласында зор жетістікке жетіп жүр. Көбі өндірісте және ауыл шаруашылығында табысты еңбек етеді. Бұл ретте мен осы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияладым. Біз еңбек адамының абырой-беделін көтеріп, еңбекқорлық, кәсібилік сияқты құндылықтарды дәріптеу үшін әлі талай шаруа атқаруымыз керек. Экономиканың көптеген саласында жұмыс қолы жетіспейді. Жұмысшы мамандықтар мол әрі тез табыс табу тұрғысынан қызықтыра қоймауы мүмкін. Бірақ бұл мамандықтардың еңбек нарығында сұранысқа ие болатынына да, қоғамдағы мәртебесі жоғары болатынына да кепілдік бар. Мен кәсіпорындарды аралаған кезде жастарды жиі жолықтырамын. Олардың арасында жұмысшы әулеттерінің өкілдері көп екені көңіл қуантады. Мемлекеттің міндеті – жас мамандарға материалдық және моральдық жағынан көмектесе. Мен бұл шаруамен үнемі айналысамын.

– **Жастарымыздың білім қуып немесе жұмыс іздеп шетелге шығуына қалай қарайсыз?**


– Рас, бүгінде жастардың көбі білім алу немесе қызметте өсу үшін шетелге шыққысы келеді. Бұл – жаһандану үдерісінің бір ерекшелігі. Оған түсіністікпен қараған жөн. Біздің жастарымыз әлемдегі беделді университеттерде жақсы білім алып, тәжірибе жинап, дүниетанымын көкжиегін кеңейте алады. Сондықтан мемлекет, әрине, шетелде оқуға кедергі жасамайды, керісінше, ондай бастамаларға қолдау көрсетеді. Халықаралық «Болашақ» стипендиясы баршаға белгілі. Жас ғалымдардың шетелдегі ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өтуіне жағдай жасалған. Бірқатар елмен студент алмауы тұрамыз. Жастардың кәсіби біліктілігін көтеру немесе

көбірек табыс табу үшін шетелге шығуы қалыпты нәрсе деп ойлаймын. Олар үйреншікті мекенін тастап, өмірін күрт өзгертуден қорықпауы керек. Тіршілікке бейім, ширақ болуға тиіс. Өмір бойы бір ауылда немесе бір қалада тұрып, жарты ай жұмыста болғаны үшін биліктен жоғары жалақы талап ететін заман әлдеқашан келмесе кетті. Қазіргі жастар ондай болмауға тиіс. Қарым-қабілетің қай жерде қажетке жараса, сонда баруға тырысу керек. Баратын жерің ірі шаһар немесе басқа өңір, тіпті басқа ел болуы да мүмкін. Қазақта «Жүргенге жөргем ілінеді, жатқанға жан жуымайды» деген сөз бар. Азаматтарымыз шетелде жүрсе де, халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетін дәріптеп, еліміздің абырой-беделін арттыруға атсалысып, Отанына пайдасын тигізе алады. Қазақстан деген брендті әлемге таныту да маңызды миссияның бірі. Дегенмен шетелге шығу «Барсақелмеске» кету деген сөз емес. Ұл-қыздарымыздың жаңа технологияларды меңгеріп, тәжірибе жинақтап, Қазақстанға оралғанын жөн. Елімізде білікті мамандардың аяғын жерге тигізбей, қағып әкететін салалар көп. Үкіметтің міндеті – олардың өз Отанында табысты еңбек етуіне жағдай жасау.

– **Сұхбат бергеніңіз үшін ризашылық білдіремін. Бірақ айналдырғыңыз бар. Сіз неге сұхбатты басқа ақпарат құралдарына емес, баспасөзге бергенді жөн көресіз?**

– Газет-журнал оқу – жас кезімнен қалыптасқан дағды. «Ана тілі» газетін де тұрақты оқып тұрамын. Мен мәліметті телевидение, интернет, әлеуметтік желі сияқты сан алуан ақпарат көздерінен аламын. Бұдан бөлек, күн сайын түрлі мекемеден материалдар келіп түседі. Мен ақпарат кеңістігіндегі үрдістерді жіті қадағалап отырамын. Жазбаша мәтіндердің мән-маңызын төмендетуге болмайды. Мерзімді баспасөз бәрібір мемлекеттік саясаттан хабар беретін маңызды ақпарат көзі болып қала береді. Менің болмыс-бітімім талдау жасауға бейім. Сөйлейтін сөздерімнің, мәлімдемелерімнің, тіпті жолдайтын хаттарым мен жеделхаттарымның мәтінін де өзім мұқият қараймын. Мен редакциялаған кейін мәтіндер мүлде басқаша болып шығатынына аппарат қызметкерлері өбден үйренген. Әрине, журналистермен әңгімелесуге өздері бастамашы болып, телеарна тілшілеріне құлшына сұхбат беретін және өздерін жаңалықтардан көргеніне мәз болып отыратын басшылар да бар. Әркімдікі өзіне жөн шығар. Осы сұхбатты сіздердің басылмадарыңызға беру арқылы еліміздегі журналистиканың тірегі саналатын қазақ тіліндегі медиаға қолдау көрсеткім келді. Биылғы 22 наурызда «Ана тілі» газетінің жарыққа шыққанына 35 жыл толады. Алда келе жатқан мерейлі белестеріңіз құтты болсын! Осы уақытта газет жемісті жолдан өтті, өз ерекшелігі, тұрақты оқырманы бар белді әрі беделді басылымға айналды. Бүгін біз ең өзекті деген бірталай мәселені ашық талқыладық деп ойлаймын. Жақсы сұхбат болды. Әдетте осындай ауқымды сұхбатта мемлекеттің қызметіне қатысты мұқият ойластырылған әрі маңызды мәселелер айтылады. Өткен жылға қорытынды жасалып, осы жылдың бағыт-бағдары айқындалады. Шын мәнінде, бұл сұхбатты елге терең ой салу және биылғы жұмысымызға тың серпін беру үшін отандастарыма жолдаған арнайы үндеуім деуге болады.

Әңгімелескен
Ерлан ЖҮНІС



ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ ДЕГЕНІМІЗ – ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ. ОНДА АЗАМАТТАРДЫҢ БӘРІ ЗАҢ АЛДЫНДА ТЕҢ БОЛАДЫ, ЗАҢДАРДЫ, ЕРЕЖЕЛЕРДІ ЖӘНЕ НОРМАЛАРДЫ ҚАТАҢ САҚТАЙ ОТЫРЫП, ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МҮМКІНДІКТЕРДІ ТОЛЫҚ ПАЙДАЛАНА АЛАДЫ.

АЙТПАҚШЫ, ЗАҢСЫЗ АЛЫНҒАН ҚАРЖЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА АКТИВТЕРДІ ҚАЙТАРУҒА ҚАТЫСТЫ ЖҰМЫСТЫҢ НӘТИЖЕСİNДЕ 2022 ЖЫЛДАН БЕРІ МЕМЛЕКЕТ ҚАЗЫНАСЫНА 2 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕДЕН АСТАМ (4,1 МИЛЛИАРД ДОЛЛАР) ҚАРАЖАТ ТҮСТІ.

БҮЛ ҚАРЖЫ МЕКТЕПТЕР МЕН МАҢЫЗДЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ НЫСАНДАРЫН САЛУҒА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ӘЛЕУМЕТТІК МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУҒА ЖҰМСАЛЫП ЖАТЫР. ӘДІЛДІК ДЕГЕНІМІЗ ОСЫ ЕМЕС ПЕ?

Мемлекет басшысы ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «Ана тілі» газетіне берген сұхбатынан

Мадина ӘЖІКЕНОВА,
Астана қалалық мәслихат депутаты:

ЕЛ ТАҒДЫРЫ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА



– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында мемлекетіміздің тұрақты дамуының негізі – озық ойлы, бәсекеге қабілетті жастарымыз туралы келелі ой қозғап, жастар саясатының басым бағыттарына тоқталып, қоғам дамуының басты стратегиялық міндеттерін айқындап берді.

Мемлекет басшысы «Еліміздің тағдыры – жастардың қолында. Біз отаншылдығын нақты ісімен көрсететін әрі мәдениеті жоғары ұрпақ өсіруге міндеттіміз. Реформаның бәрін жастардың игілігі үшін жасап жатырмыз. Бұл – әншейін, әдемі сөз емес, мемлекет стратегиясының түпкі мәні. Бүгінгі жастар біздің жас кезімізге қарағанда әлдеқайда көп біледі. Қазіргі технология дәуірінде бұл – қалыпты нәрсе. Қазақстанда дарынды, білімді әрі мақсатына ұмтыла білетін қыз-жігіттер көп. Дәл сол себепті мен жастарға сенемін деп жалықпай айта беремін» деп жастардың қоғамдағы рөлін ерекше атап, өскелең ұрпақтың болашағына зор үміт артып, жан-жақты қолдау білдіретінін жеткізді.

Президенттің бұл тұжырымы бізге үлкен жауапкершілік

жүктейді. Жастарымыздың сапалы білім алып, кәсіби өсуіне және еңбек нарығында лайықты жұмыс орнын табуына жағдай жасау – біздің басты міндетіміз.

Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялап, еңбек адамының мәртебесін көтеру қажеттігін айрықша атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Біз еңбек адамының абырой-беделін көтеріп, еңбекқорлық, кәсібилік сияқты құндылықтарды дәріптеу үшін әлі талай шаруа атқаруымыз керек. Экономиканың көптеген саласында жұмыс қолы жетіспейді. Жұмысшы мамандықтар мол әрі тез табыс табу тұрғысынан қызықтыра қоймауы мүмкін. Бірақ бұл мамандықтардың еңбек нарығында сұранысқа ие болатынына да, қоғамдағы мәртебесі жоғары болатынына да кепілдік бар. Мен кәсіпорындарды аралаған кезде жастарды жиі жолықтырамын. Олардың арасында жұмысшы әулеттерінің өкілдері көп екені көңіл қуантады. Мемлекеттің міндеті – жас мамандарға материалдық және моральдық жағынан көмектесу. Мен бұл

шаруамен үнемі айналысапалы білім алып, кәсіби өсуіне және еңбек нарығында лайықты жұмыс орнын табуына жағдай жасау – біздің басты міндетіміз.

Президент шетелде білім алатын жастардың ұлттық құндылықтарды ұмытпай, туған еліне оралып, алған білімі мен жинаған тәжірибесін Қазақстанның дамуына арнауы қажеттігін баса айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев: «Азаматтарымыз шетелде жүрсе де, халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетін дәріптеп, еліміздің абырой-беделін арттыруға атсалысып, Отанына пайдасын тигізе алады. Қазақстан деген брендті әлемге таныту да – маңызды миссияның бірі. Дегенмен шетелге шығу «Барсакемесе» кету деген сөз емес. Ұл-қыздарымыздың жаңа технологияларды меңгеріп, тәжірибе жинақтап, Қазақстанға оралғаны жөн. Елімізде білікті мамандардың аяғын жерге тигізбей, қағып әкететін салалар көп.

Үкіметтің міндеті – олардың өз Отанында табысты еңбек етуіне жағдай жасау» деп жаһандану дәуірінде жас ұрпақтың ұлттық болмысты сақтау қажеттігі туралы терең ой қозғады.



Ерлан СЫДЫҚОВ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, ҚР ҰҒА академигі:

ҰЛТ ТҰТАСТЫҒЫ БІРЛІКТЕН БАСТАЛАДЫ

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» газетінде жарияланған «Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» атты кең көлемді сұхбатымен зор ықпалмен танысып шықтым. Мемлекет басшысы әдеттегідей еліміздің ішкі-сыртқы саясаты, экономика мен бизнес, мәдениет пен тіл, қаржы мен валюта, заң мен тәртіп, басқа да бірқатар мәселені егжей-тегжейлі қозғаған.

Соның ішінде Президент ғылым мен білім, жастар мәселесін өз жұмысының басым бағыты екенін тағы да айшықтай түсті. Сөз жоқ, жастар – қоғамның қозғаушы күші, ертеңгі елдің бек тірегі, болашақтың бастауы, еліміздің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы. Ал бәсекеге қабілетті болу үшін өскелең ұрпақ ұлылардың ұлағатты өмір жолынан үлгі алып, келешекке кедергісіз жету мақсатында аянбай еңбек ете білуі керек. Білім нәрі мен дәннің бойға сіңіруге тиіс.

Ел болашағы олардың күш-жігеріне, патриоттық

сезімдеріне тікелей байланысты десек, қазіргі ұрпақтың еліміздің кемел келешегін нығайтуға деген құлшынысы зор. Елімізде санасы азат, ойы сергек тұғас бір жаңа буын қалыптасып, өсіп жетілді. Біз Туелсіздігіміздің тағы бір белесіне жарқын жетістіктермен аяқ басып келеміз. Өскелең ұрпақтың ертеңі үшін мемлекет тарапынан маңызды шешімдер қабылданып жатыр. «Болашақ» бағдарламасы арқылы жастарымыз әлемнің беделді оқу орындарында білімін көтерді. Еліміздегі жоғары білім беретін оқу ордаларының дәрежесі жыл санап өсіп келеді. ЖОО білім беру бағдарламалары да жаңарып, әлемдік стандарттармен сәйкестендірілді. Тарихы терең, мәртебесі жоғары университеттер студенттерге осы жүйе бойынша білім береді.

Бүгінде білім іздеген жанның жолы ашық. Еліміздің жоғары оқу орындары әлемдегі үздік университеттер қатарына батыл еніп келеді. Ғылымға

қаржы бөлу, оқытудың жаңа бағдарламалары және ғылыми әзірлемелерді іс жүзінде қолдануға баса назар аударылып жатыр.

Сондай-ақ студенттерді жан-жақты қолдау мақсатында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін жаңғырту әрі реформалау бойынша ауқымды шаралар қабылданып отыр. Ғылымды дамытуға бөлінетін қаражат көлемі артып келеді. Отандық ғалымдардың әзірлемелерін қолдау мен коммерцияландыру жөніндегі бағдарламалар енгізіліп келеді. Тұтастай алғанда, білім беру жүйесі мен ғылым саласы ғылыми-технологиялық прогресс сұраныстарынан туындайтын серпінді даму сатысында тұр.

Ең алдымен, береке-бірлігі, ынтымағы жарасқан жастарымыз ортақ мақсатқа ұйысқан ұлт ешқашан ұтылмайтынын, ештеңеден құр қалмайтынын түсінген. Себебі олар елдің тұтастығы береке-бірліктен басталатынын жақсы біледі.

Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

ДӘЛЕЛ-ДӘЙЕГІ МОЛ СҰХБАТ



– Жыл басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бағдарламалық сұхбат беруі жақсы дәстүрге айналды. Сұхбат мемлекеттік тілді дамытуға, ұлт рухани-ятына жылдар бойы қызмет етіп келе жатқан қазақтілді белді басылымға берілді. Сұхбат бір уақытта екі тілде – қазақ және орыс тілдерінде жарияланатынын ерекше атап өткен жөн. Екі тілді аудиторияны тоғыстыратын аса маңызды сұхбат болды. Биыл «Ана тілі» газетінің сауалдарына ел Президентінің ашық, терең, кеңінен жауап беруі көпшіліктің көкейіндегі көп сұрақтарға жауап болды.

Өз сұхбатында Мемлекет басшысы, экономикалық даму және реформаларды саралап, экономикалық өсуді тұрақты қамтамасыз ету және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру Үкіметтің басты міндеті екеніне баса назар аударған.

Мемлекет басшысы қаржылық-валюталық мәселеге тоқтала келіп, экономиканы басқарудың барлық деңгейінде кәсіби, құзыреттілік тәсілін күшейту қажеттігіне де назар аударды. Бұл ретте «Қазақстанға өңірлік ерекшеліктерді жақсы түсініп қана қоймай, нақты экономиканың заманауи тетіктерін терең, жүйелі білетін,

ең бастысы, нақты нәтижеге қол жеткізуге бағытталған батыл, төтенше және прагматикалық шешімдер қабылдай алатын жоғары білікті мамандар қажет. Құзыретті дарынды кадрларды даярлауға, тартуға және ең бастысы, сақтап қалуға баса назар аудару елдің болашағы үшін экономикалық тұрақтылық пен егемендіктің стратегиялық маңыздылығын көрсетеді» деді.

Инфрақұрылымдық даму бойынша даму бар екендігін айтқанымыз жөн. «Соңғы жылдары 7 мың километрге жуық республикалық маңызы бар автомобиль жолдары салынды және реконструкцияланды, бұл көлік инфрақұрылымын дамытуға, логистиканы, өңірлер арасындағы байланысты айтарлықтай жақсартуға және экономиканың өсімін ынталандыруға қомақты үлесін қосуда».

Біле білген адамға жол – ел экономикасының күре тамыры. Қаншама елді мекендерге қан жүгірді деген сөз. Әрине, жолдың дұрыстығы жолаушылардың да қауіпсіздік деңгейін айтарлықтай арттыратыны сөзсіз.

Сондай-ақ Президент сұхбатында:

Қазақстанның парламенттік басқару жүйесіне көшуі туралы:

Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
Президент жанындағы Ұлттық құрылтай және
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі,
ҚР ҰҒА академигі:



МӘДЕНИЕТТІ ҰРПАҚ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ

– Сұхбаттан алған алғашқы әсерім ретінде Мемлекет басшысы жұмысын ашық, жариялы түрде жүргізетінін айтар едім. Ертеңге деген нық сенім – тұрақтылық пен тыныштықтың, татулық пен бірліктің, мемлекеттің мығымдылығының негізі екеніне назар аударған емін-еркін, ашық-жарқын әңгімеден соны байқадым.

Мемлекеттік маңызы мол мәселені тек ақыл-парасатпен және сабырмен шешуіміз керектігін ұқтық. Ашықтық, шынайылық арқылы халыққа, қоғамға, жас ұрпаққа мәселені шешудің тиімді жолдарын ұсынған сындарлы сұхбат көптің көңілінен шықты деп нық сеніммен айтуға болады.

Жалпы жұртшылық өзінің көкейінде жүрген сұрақтарға толыққанды жауап алды деп ойлаймын. Атап айтар болсақ, Президент Біріккен Ұлттар Ұйымын басқарады екен, Парламентке кезектен тыс сайлау өтеді екен, Қаңтар оқиғасынан қандай сабақ алдық, еліміздегі уақыт белдеуі қайта қарала ма, Тұңғыш Президент дәуірінің кемшіліктері неде деген «қиын сұрақтарға» бүкпесіз, ашық, шынайы түрде шындықты жайып салған жауаптар айтқанымыздың айқын дәлелі десек, артық айтпаған болар едік.

Президент жанындағы Ұлттық құрылтайдың ғылым-білім және тіл саясаты бойынша спикері ретінде «Ана тілі»

газетіндегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кең көлемді сұхбатындағы жоғарыда аталған салаларда атқарылған ауқымды істер мен ел алдында тұрған мақсат-міндеттерге аз-кем тоқталып өткенді жөн көрдік.

Президент еліміздің түкпір-түкпірінде жүздеген жаңа мектеп, балабақша және дене шынықтыру-сауықтыру орталықтары салынғанын, шетелдік оннан астам беделді жоғары оқу орнының бөлімшесі ашылғанын және ғылымды қаржыландыру көлемі арта түскенін тілге тиек етті.

ҚР Ұлттық ғылым академиясының тіл білімі саласы бойынша академигі ретінде, Президенттің қазақ тілінің бәсекеге қабілеті және оны үйренуге деген қызығушылық барынша артып келе жатқанын айтқаны көңіл қуантты. Президенттің пікірінше, ең бастысы, қазақ тілін білу сөнге айналу өтеді екен, Қаңтар оқиғасынан қандай сабақ алдық, еліміздегі уақыт белдеуі қайта қарала ма, Тұңғыш Президент дәуірінің кемшіліктері неде деген «қиын сұрақтарға» бүкпесіз, ашық, шынайы түрде шындықты жайып салған жауаптар айтқанымыздың айқын дәлелі десек, артық айтпаған болар едік.

«Бұдан да жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін ғылым-білім саласындағы инфрақұрылымды жаңғыр-

туға, мектептер мен басқа да оқу орындарында қазақ тілін үйрету жүйесін жетілдіруге қоса оқытушылардың мәртебесін арттыру мәселесін де шешу қажет. 2023 жылы «Қазақ тілі» қоғамының бастамасымен құрылған арнаулы қорға қолдау көрсету керек. Қифрлық технологияларды қолдануға баса мән берген жөн. Өйткені қазақ тілінің алдағы тағдыры, еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеті көбіне осыған байланысты болады» деді Президент.

Мемлекет басшысының осы пікірі мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттырып, оның қолдану аясын кеңейтуге барлығымыз атсалысу керектігімізді көрсетіп, әсіресе тілші-ғалымдар мен тіл жанашырларына үлкен міндеттер жүктеп: «отандық және әлемдік нарықта қаржылық жағынан тиімді әрі сұранысқа ие болатын түрлі контентті қазақ тілінде жасау қажет. Бұл жерде әдебиет, музыка, кино, сериал және компьютер ойындары туралы айтып отырмын» деді.

Сондай-ақ зор үміт жастарға артылатынын, еліміздің тағдыры – жастардың қолында екені екіпін түсіріле айтылды. Мемлекет басшысы отаншылдығын нақты ісімен көрсететін әрі мәдениеті жоғары ұрпақ өсіруге әдемі сөз емес, мемлекет стратегиясының түпкі мәні екеніне де ерекше атап өтті.



KIS ASTANA МЕКТЕБІНЕ БАРДЫ

Президент ең алдымен Kazakhstan International School Astana (KIS Astana) мектебіне барды. 20 мың шаршы метрден астам аумақта орналасқан білім беру мекемесі 800 оқушыға және мектеп жасына дейінгі 120 балаға есептелген. Мектеп халықаралық бакалавриат (IB) аккредитациясынан өткен. Бұл беделді бағдарлама үш бағытты қамтиды. Атап айтқанда, 5-тен 10 жасқа дейінгі балаларға арналған бастауыш (Primary Years Programme, PYP), 11-ден 16 жасқа дейінгі балаларға есептелген орта (Middle Years Programme, MYP) және 16-19 жас аралығындағы ересек оқушыларға бейімдеген дипломдық оқу бағдарламасы (Diploma Programme, DP) бар.

Оқу кабинеттері әрбір оқушының алаңсыз білім алуына және қарым-қабілетін ашуына қолайлы жағдай жасайтын заманауи технологиялармен жабдықталған. Сонымен қатар мектепте футбол стадионы, теннис корты, шағын футбол алаңы және бассейн секілді спорт инфрақұрылымы қарастырылған. Мемлекет басшысы Қазақстанда білім беру деңгейін арттырудың маңызды екенін атап өтті. Әсіресе, жас буынның бәсекеге қабілетін шыңдауда әрі жан-жақты дамытуда осындай оқу орындары ерекше рөл атқаратынына назар аударды.

ЗАМАНАУИ СПОРТ ОРТАЛЫҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласындағы заманауи QazSwimAcademy спорт орталығына барды. Орталық директорының айтуынша, бірегей кешенде спортшыларды даярлауға қажетті барлық жағдай жасалған. Ересектер мен балалар ұзындығы әртүрлі бес бассейнде жаттыға алады. Оның бірі – 50 метрлік болса, екеуі 25 метрлік және екеуі 10 метрлік жүзу жолақтары бар бассейндер. Топтық

АСТАНА НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы бірқатар нысанды аралап көрді.

жаттығулар 25 бағыт бойынша жүргізіледі. Сонымен қатар мұнда кәсіби жаттығу залы да бар.

Академияны жоғары технологиялық үлгіде жабдықтауға баса назар аударылған. Бассейндерге судың құрамы мен реагенттердің мөлшеріне автоматты түрде талдау жүргізетін әрі тиімді залалсыздандыру мен қауіпсіздіктің жоға-

жарыстарда еліміздің даңқын шығаруда маңызды өте зор. Сіздердің жеңімпаз спортшы әрі еліміздің лайықты азаматы болатындарыңызға сенемін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

СТУДЕНТТЕР ҮЙІН КӨРДІ

Мемлекет басшысы Еуразия ұлттық университетінің сту-

ген. Оның дизайны мен инфрақұрылымы кедергісіз орта қалыптастыру талаптарына сай келеді. Ғылым және жоғары білім министрі Президентке студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету, елімізде шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу арқылы академиялық хаб құру шаралары жөнінде баяндады.

Мемлекет басшысы бұл бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстарды оң бағалап, білім беру саласындағы және жастар арасындағы халықаралық ынтымақтастықтың маңызды екеніне назар аударды. Сондай-ақ жұртты алаңдатқан метапневмовирус туралы пікір білдірді. «Қазір бәрі жаңа инфекция туралы айтып жатыр. Меніңше, одан даңғаза жасаудың қажеті жоқ. Сондықтан Қытаймен ынтымақтастықты одан әрі дамытуымыз керек» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жатақханада студенттермен әңгімелесіп, Ана тілі газетіне берген сұхбатында айтқанындай, елімізде цифрландыру мен жасанды интеллектті дамытуға ерекше мән берілетінін, бұл озық технологиялар әр салаға енгізілетінін жеткізді. Президент бұл ретте жастарға айрықша үміт артатынын атап өтті. Жалпы былтыр ел аумағында 11 079 орындық 40 жатақхана пайдалануға берілген. Биыл Астана қаласының өзінде 3400 орындық 7 жатақхана іске қосу жоспарланып отыр.

Бүгінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде 4280 студентке арналған сегіз Студенттер үйі бар.



ры деңгейін қамтамасыз ететін испандық қондырғы қойылған. Бұдан бөлек, нысан жүзуге қажетті машықтарды шыңдап, бұлшық еттерді ширататын арнаулы жаттығу құралдарымен жабдықталған.

Президент жас спортшылармен әңгімелесіп, мемлекет спорт инфрақұрылымдарын дамытуға ерекше мән беретінін айтты. «Келешекте табысты болуларыңызға және олимпиада чемпионы атануларыңызға тілектеспін. Спорттың денсаулықты жақсартуда, сондай-ақ халықаралық

денттері мен магистранттарына және докторанттарына арналған 2656 орындық жаңа жатақхананы аралап көрді. Мемлекет-жекеменшік серіктестігі негізінде салынған Студенттер үйі үш заманауи блоктан тұрады. Олардың әрқайсысы студенттердің жайлы тұрмысы мен білім алуына мүмкіндік беретін коворкинг аймақтарымен, кітапханалармен, спорттық және коммерциялық орындармен жабдықталған.

Жатақхана құрылысында ерекше қажеттілігі бар студенттердің де талап-тілегі ескеріл-

Сонымен қатар сегіз жеке жатақханамен ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалған. Биыл Студенттер үйлеріндегі орын саны 10 мыңға дейін ұлғайды. Бұл студенттерді жатын орынмен қамтамасыз ету мәселесін толығымен шешуге мүмкіндік берді.

ЭЛЕКТРОВАЗ ҚҰРАСТЫРУ ЗАУЫТЫН АРАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Астана қаласының №1 индустриялық паркіндегі электровоз құрастыру зауытын аралап көрді. Кәсіпорынды Индустриаландыру картасы аясында Францияның Alstom компаниясы іске қосқан. Қасым-Жомарт Тоқаевқа кәсіпорынның жұмысы туралы жан-жақты мәлімет берілді. Зауытта «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының тапсырысымен 380 жүк және 70 жолаушылар электровозы шығарылған. Сондай-ақ олардың қосалқы бөлшектері өндіріледі. Бұдан бөлек, жүк электровоздарының 80 секциясы Әзербайжанға экспортталған. Қазір кәсіпорын нарыққа локомотив корпустары, трансформаторлар, төмен және жоғары вольтты шкафтар және басқа да өнім түрлерін ұсынады.

Президентке зауытта жаңа буын локомотивін құрастыру жобасы қолға алынғаны туралы баяндалды. Оның өзіндік құны бұрынғы нұсқасымен салыстырғанда 40 пайызға төмен, ал тиімділігі 20 пайызға жоғары. Жаңа жүк электровоздарының өндірісі 2028 жылдан бастап іске қосылады. Қазір Alstom компаниясы Астана, Алматы, Шу және Арыс қалаларында сервистік орталықтар ашуға инвестиция құйып жа-

тыр. Бұл 700 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы теміржолға қажетті құрал-жабдықтар шығаратын отандық кәсіпорындардың өнімдері көрмесін аралады. Қазір елімізде 600-ден астам компания теміржол саласына арналған бөлшектерді өндірумен айналысады. Олардың өнімдері мен қызметі 25 елге экспортталған.

Электровоз құрастыру зауытында еңбек ететін жас мамандармен жүздесуде Президент 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жарияланғанын еске салып, мемлекет өндіріс саласында жұмыс істейтін жастарға қолдау көрсете беретінін айтты.

КӘСІПОРЫНДАРМЕН ТАНЫСТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев құрылыс индустриясы нысандарымен танысты. Asyl Qala, бұл – 100-ден астам адам еңбек ететін арнаулы кәсіпорын. Жобаға құйылған инвестиция көлемі 8 миллиард теңгені құрайды. Кәсіпорынның қуаты тәулігіне 4500 шаршы метр тротуар жабдығын өндіруге жетеді. Құрылыстың екінші кезеңі аяқталған соң бұл көрсеткіш 9000 шаршы метрге дейін ұлғаяды. Бүгінде аталған кәсіпорында шығарылған өнімдер Астана және еліміздің басқа да қалаларында пайдаланылады.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы автоклавты газ блоктарын шығаратын Uniton зауытымен танысты. Sensata Group құрылыс компаниясына қарасты кәсіпорын жылына 150 мың шаршы метр газ блоктарын өндіре алады. Жоба «Даму» қоры және Өнеркәсіпті дамыту қоры арқылы қаржыландырылған. 110 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Қасым-Жомарт Тоқаев құрылыс индустриясы экономиканың маңызды бағыты екенін атап өтіп, жергілікті өнім көлемін арттыру қажеттігін айтты.

ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ 24 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Мәжіліс депутаттары, Аманат партиясы фракциясының мүшелері Павел Казанцев, Самат Нұртаза және Нартай Сәрсенғалиев Астана қаласы Үркер тұрғын алабындағы жаңа жайлы мектептің алдағы жұмысқа дайындығымен танысты.

Үркер тұрғын алабында мектептердегі орын тапшылығы мәселесі жергілікті тұрғындарды жылдар бойы толғандырып келді. Осылайша, Аманат партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында жаңа үлгідегі мектеп салынып, азаматтарды алаңдатқан мәселе өз шешімін тапты. 9 қаңтарда аталған білім ордасы 2 мың оқушыны қабылдайды.

Нысанды аралау барысында Павел Казанцев Президент бастамасымен

қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының маңызды басымдығының бірі – отандық тауарлар мен қызмет көрсетушілерді қолдау екеніне назар аударды. Атап айтқанда, нысанды салушыларға қойылатын басты талап – жергілікті қамту үлесі кемінде 70 пайыз болуы. «Реттелетін жиһаз, жабдық, құрылыс материалдары – толық дерлік отандық өнім. Яғни, 90 пайызы – Қазақстанда жасалған. Мұндай тәсіл стратегиялық тұрғыда маңызды дер

едім. Себебі Қазақстанда өндірілген өнімді пайдалану ұлттық экономиканың өсіміне ықпал етеді. Бұл – біздің жұмыс орындарымыз, экономика, қаржы айналымы, оның бәрі осында» деді Павел Казанцев.

Өз кезегінде Самат Нұртаза еліміздегі демографиялық өсім қарқыны білім беру жүйесі үшін елеулі салмақ салатынына мән берді. Тиесінше, мектептердегі орын тапшылығы ең өзекті мәселенің бірі болып отыр.



«Бұл №33 мектеп әйгілі әнші Әміре Қашаубаевтың есімімен аталады. Ғимаратта оқушылар қауіпсіздігіне ерекше назар аударылғанын атап өткен жөн. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған ұлттық жоба аясында мұндай мектептер еліміздің

шалғай елді мекендерінде де салынады» деді депутат.

Бүгінде дейін Астанада бас-аяғы 11 жайлы мектеп шылды. Жалпы, елордада ұлттық жоба аясында 90 мың оқушыға арналған жаңа үлгідегі 24 мектеп салынады.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ**ЖАЛАҚЫ, ЗЕЙНЕТАҚЫ,
ЖӘРДЕМАҚЫЛАР ӨСЕДІ**

Ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері 43 407 теңгеден 46 228 теңгеге өсті. Еліміздегі ең төменгі жалақы мөлшері былтырғы 85 000 теңге көлемінде өзгеріссіз қалды. 1 қаңтардан бастап зейнетақы 8,5 пайызға, ал әлеуметтік жәрдемақылар мен базалық зейнетақы 6,5 пайызға индекстелді. Осылайша, мемлекеттік базалық зейнетақының ең төмен мөлшері 32 360 теңге, ең жоғары мөлшері 50 851 теңге болды. Жасы бойынша зейнетақының ең төмен мөлшері – 62 771 теңге, ең жоғары сомасы – 162 195 теңге. Базалық және жасы бойынша зейнетақының ең төмен мөлшері – 95 131 теңге, ең жоғары сомасы 213 046 теңге болып белгіленді. 2025 жылы зейнет жасы өзгермейді: ерлер – 63 жас, әйелдер – 61 жас.

Жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға 74 428 теңге мемлекеттік жәрдемақы төленеді. 7 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға және бала кезінен мүгедектігі бар адамдарға берілетін жәрдемақы былай өзгереді: I топ – 101 702 теңге; II топ – 84 598 теңге; III топ – 74 428 теңге.

Биыл босанған анаға берілетін бірреттік жәрдемақы – сүйіншіпұл бар. Биыл бірінші, екінші және үшінші балаға 149 416 теңге (38 АЕК), төртінші және одан кейінгі балаларға 247 716 теңге (63 АЕК) сүйіншіпұл төленеді. Көпбалалы отбасына отбасылық кірісіне қарамастан сараланған жәрдемақы беріледі: төрт балаға – 63 030 теңге; бес балаға – 78 798 теңге; алты балаға – 94 565 теңге; жеті балаға – 110 332 теңге; сегіз және одан көп баласы бар отбасыларға – әр балаға 15 728 теңгеден (4 АЕК) қосылады.

2025 жылы ғылыми ұйымдар қызметкерлерінің жалақысы 17 пайызға артады.

**БАСПАНА КЕЗЕГІН
КІМ ЖҮРГІЗЕДІ?**

Биылдан бастап «Отбасы банк» ұлттық даму институты ретінде қызмет көрсетуге кірісті. Банк баспана кезегін жүргізіп қана қоймай, тұрғын үймен қамтамасыз ету іс-шараларын жүзеге асырады. Ол үшін қаржы институты негізінде тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы құрылып, оған баспана кезегі, яғни бірыңғай республикалық электронды база беріледі. «Отбасы банк» жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялауды, жеңілдетілген ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беруді жалғастырады. «Отбасы банк» тұрғын үйді бөлу кезінде баспанаға мұқтаж азаматтарды есепке қою күні мен табыс деңгейін ескереді. Мұндай өзгеріс ең алдымен, тұрғын үй кезегінде ұзақ уақыттан бері тұрған адамдарды баспанамен қамтамасыз ету мүмкіндік береді. Сондай-ақ «Отбасы банк» жүргізетін «Наурыз» ипотекалық бағдарламасына өзгеріс енгізілді. Оған сәйкес, бағдарламаға қатысушы салымшының есепшотында кем дегенде 1 млн теңге емес, 2 млн теңге болуы шарт. Осылайша, минималды жинақтың сомасы екі есеге артып отыр. Бұған дейін банк баспасы осы өзгерістің себебін түсіндірген болатын. Баспана порталында дайын пәтерлерді ипотекаға рәсімдеуге мүмкіндік болады. Ал алғашқы жарна пәтер бағасының 10 пайызын құрайды.

**«7-20-25»
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
ШАРТТАРЫ ӨЗГЕРЕ МЕ?**

2025 жылы бұл бағдарламаны қаржыландырудың жылдық көлемі 100 миллиард теңгеге дейін артады. Одан бөлек 1

2025 ЖЫЛЫ ЕЛІМІЗДЕ НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

Жыл сайын жаңа жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде өзгерістер болады. Мәселен, 2025 жылдан бастап айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемі 3 932 теңгеге өсті. АЕК-тің өсуі тек әлеуметтік төлемдерге емес, әкімшілік айыппұлдарға да әсер етеді. Осыған орай, «Astana aqshamy» газеті биыл болатын негізгі өзгерістерге шолу жасады.



1 қаңтардан бастап онлайн несие алу үшін биометриялық верификациядан өту міндеті енгізіледі. Ал қарыз алу туралы келісімшартқа электронды-цифрлық қолтаңба қою қажет. Онсыз онлайн несие берілмейді.

қаңтардан бастап әрбір отбасы мүшесіне пайдалы ауданы 15 шаршы метрден кем жатақханалардағы бөлмелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апат жағдайында деп танылған тұрғын үйлерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында соңғы 18 ай ішінде қарыз алушының (және жұбайының/зайыбының) меншік құқығында тұрғын үй болмауы туралы талапты енгізу көзделеді.

2025 жылы салық заңнамасына енгізілген өзгерістер күшіне енеді. Атап айтқанда, жұмыс берушілер мен жұмысшылардың есебінен төленетін салықтардың мөлшері артады. Олар: әлеуметтік аударымдар – 5 пайыз (2024 жылы 3,5 пайыз болған); әлеуметтік салық – 11 пайыз (2024 жылы 9,5 пайыз болған); жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы аударымдары – 2,5 пайыз (2024 жылы 1,5 пайыз болған); жұмысшылардың міндетті зейнетақы аударымдары – 10,5 процент (2024 жылы 10 пайыз болған).

**«КЕЛЕШЕК»
БАҒДАРЛАМАСЫ
ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ**



Жаңа жылдан бастап Қазақстанда «Келешек» ерікті жинақтау бағдарламасы іске қосылады. Соның аясында балалардың оқуына ақша жинауға мүмкіндік болады. Оған қоса екі жақтан сыйақы төленеді.

Бағдарлама шарттары мынадай: бала 5 жасқа келгенде мемлекеттен бір реттік бастапқы капитал – 60 АЕК (2025 жылы 230 920 теңге) түседі; ата-ананың міндетті салымдары – ай сайын 1-3 АЕК (2025 жылы 3932 – 11 796 теңге); мемлекеттің 7 процентке дейінгі сыйақысы; банктердің сыйақысы; бала 18 жасқа толғанда Ұлттық қордан түсетін ақша. «Келешекпен» жоғары білімге, колледж немесе магистратураға ақша жинауға болады. Ал бала грантқа түскен жағдайда оқуды бітіргеннен кейін дипломды көрсетіп, барлық ақшаны сыйақысымен бірге алып кете алады.

1 қаңтардан бастап онлайн несие алу үшін биометриялық верификациядан өту міндеті енгізіледі. Ал қарыз алу туралы келісімшартқа электронды-цифр-

**2025 ЖЫЛҒЫ ЖӘРДЕМАҚЫНЫҢ
ЖАҢА МӨЛШЕРІ****БАЛА ТУҒАНҒА БЕРІЛЕТІН ЖӘРДЕМАҚЫ**

Жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға 74 428 теңге мемлекеттік жәрдемақы төленеді.

**1 ЖАСҚА ТОЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ БАЛА
КҮТІМІ ЖӨНІНДЕГІ ЖӘРДЕМАҚЫ****«КЕЛЕШЕК» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШАРТТАРЫ МЫНАДАЙ:**

лық қолтаңба қою қажет. Онсыз онлайн несие берілмейді. Бұған дейін жеке тұлғаларға жұбайының келісімінсіз несие беруге тыйым салынған болатын. Бұдан бөлек, әрбір қазақстандық «Электрондық үкіметтің» веб-порталында және «eGov Mobile» мобильді қосымшасында өз атына несие рәсімдеуге тыйым сала алады.

**ЖОЛ ЕРЕЖЕСІНДЕ
НЕ ӨЗГЕРЕДІ?**

Президент жол қозғалысы ережесіне қатысты тиісті заңға қол қойды. 2025 жылы сәуір айынан бастап бірқатар шектеулер күшіне енеді. Соның бірі – орташа жылдамдықты есептеу. Орташа жылдамдықты есептеу тәртібі мынадай: тас жолдың басында және аяқ жағында бейнекамералар бар, бірінші камера көліктің жолға шыққанын тіркесе, екіншісі келген уақытын тіркейді, екі камераның уақытымен автомат түрде көліктің трассамен жүрген орташа жылдамдығы есептеледі, көлік жүргізушісі орташа жылдамдықты асырып жіберсе, айыппұл салынады. Жылдамдық тәртібін сағатына 60 шақырымға және одан артық асырғаны үшін 40 АЕК (2024 жылда – 147 680 теңге) көлемінде айыппұл қарастырылған. Ал осы құқық бұзушылық бір жылдың ішінде қайталанса, айыппұлдың мөлшері 60 АЕК-ке (2024 жылда – 221 520 теңгеге) өседі. Қазір республикалық маңызы бар жолдарда белгіленген жылдамдық сағатына 140 шақырымды құрайды.

Бұдан былай мопедтер ғана емес, қозғалтқыш көлемі 50 текше сантиметрден аспайтын немесе электр қозғалтқышы бар және оның ең жоғарғы конструкторлық жылдамдығы сағатына 50 шақырымнан аспайтын барлық көлік құралдары тіркеуге жатады. Мемлекеттік нөмір беріледі. Мопедті басқару үшін «А1» кіші санатындағы жүргізуші куәлігін алу қажет. «А» және «В» санаттары болса да, мопедті басқару құқығын растау міндетті бар. 2025 жылы 4 сәуірден бастап барлық мопедтің нөмірі, ал иесінде «А1» кіші санатындағы жүргізуші куәлігі болуы шарт. 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Яндекс.Такси» мен Indriver өз платформаларында рулі оң жақтағы көліктерді алып тастайды.

**АЙЫППҰЛДАР
ҚАНШАҒА КӨТЕРІЛЕДІ?**

Қылмыстық кодекстің «Мемлекеттік рәміздерді қорлау» туралы 372-бабына өзгерістер енгізілді. Өзгерістер нәтижесінде рәміздерді қорлау дерегі үшін айыппұл көлемі 3 000 АЕК-ке өсті. 2025 жылдан бастап 1 АЕК 3 932 теңге, демек 3 000 АЕК 11 796 000 теңге болады.

Пәтерге кіреберістері есігінің қасына қоқыс салынған дорбаны қалдырғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 505-бабына сәйкес «Абаттандыру қағидаларын бұзғаны» үшін 20 АЕК айыппұл салынады. Ал бұл әрекетті азамат бір жыл ішінде қайталап жасаса, онда 30 АЕК көлемінде айыппұл салынады. 20 АЕК 78 640 теңгеге тең болса, 30 АЕК – 117 960 теңге. Елімізде заң бойынша кешкі сағат 22.00-ден 9.00-ге дейін тыныштықты бұзғу болмайды. Тұрғын үй ғимараттары мен тұрғын үй құрылысы аумақтарында орналасқан ойын-сауық орындарына жұмыс күндері сағат 22.00-ден таңғы 9.00-ге дейін, демалыс және мереке күндері сағат 23.00-ден таңғы 10.00-ге дейін шулауға тыйым салынады. Тәртіп бұзған жеке тұлғаларға

– 5 АЕК (19 660 теңге), бір жыл ішінде қайталанса 10 АЕК (39 320 теңге) айыппұл салынады.

Қоғамдық орында түкіргені үшін, сондай-ақ белгіленбеген жерлерде қоқыс тастағаны үшін құқық бұзған адамға бірінші рет 5 АЕК, яғни 19 660 теңге айыппұл салынады. Ал азамат осы әрекетін қайталаса, онда 10 АЕК, яғни 39 320 теңге көлемінде айыппұл төлейді. Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерін бұзғаны, қауіпсіздік белбеуін тақпағаны және көлік жүргізіп бара жатқанда телефон пайдаланғаны үшін жүргізушілерге 5 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Бұл 2025 жылы – 19 660 теңге. Жүргізу құқығы жоқ жүргізушінің көлікті басқаруы – 20 АЕК, яғни 78 640 теңге көлемінде айыппұл төлейді. Көлік құралын басқару құқығынан айырылғандар көлік жүргізсе, оларға – 50 АЕК, яғни 196 600 теңге айыппұл салынады немесе 20 тәулікке қамауға алынады. Қала және қала маңындағы қоғамдық көлікте жолақыны төлемегендерге – 2 АЕК, яғни 7 864 теңге айыппұл салынады. Ал жолаушыларды билетсіз алып жүргені үшін 5 АЕК (19 660 теңге) айыппұл салынады.

Кәмелетке толмағандар заңды өкілдерінің 22.00-ден 6.00-ге дейін ойын-сауық мекемелерінде болса, олардың ата-анасына 3 АЕК (11 796 теңге) мөлшерінде айыппұл салынады. Ал 18 жасқа толмаған бала 23.00-ден 6.00-ге дейін үйден тыс жерде жүрсе, онда заңды өкілдеріне ескерту жасалады. Егер осы әрекеттер бір жыл ішінде қайталанса, онда баланың заңды өкілдеріне 27 524 теңге (7 АЕК) айыппұл салынады. Ойын-сауық мекемесінің иелеріне де 10-нан 100 АЕК дейінгі мөлшерде (39 320 және 393 200 теңге) айыппұл салу көзделген. Жауа жүргіншілер жол қозғалысы ережелерін сақтамағаны үшін (қате жерден өту және т.б.) 2 АЕК (7 864 теңге) көлемінде айыппұл төлейді. Бір жыл ішінде қайталап бұзғаны үшін айыппұл 10 АЕК-ке (39 320 теңге) дейін өседі. 2023 жылғы наурыз айынан бастап заңға қоғамдық орындарда балағат сөз айтқандарға 20 АЕК, яғни бұл 78 640 теңге немесе 30 тәулікке қамауға алынады. ӘҚБТК-нің 73-бабы бойынша отбасында және тұрмыста балағат сөз айтқаны үшін ескерту немесе 5 АЕК (19 660 теңге) көлемінде айыппұл салынады. Ал мұғалімді немесе дәрігерді балағаттаса, онда 10 АЕК (39 320 теңге) көлемінде айыппұл қарастырылған.

**ҚАНША АДАМ
ТҮРМЕДЕН ШЫҒАДЫ?**

2025 жылы есірткі жасырғаны үшін сотталған мыңнан астам адам мерзімінен бұрын бостандыққа өтініш бере алады. Себебі жаңадан қабылданған заңда есірткі жасырушылардың жазасы жеңілдетілді. Ішкі істер министрлігінің мәліметіне сәйкес, 1000-нан астам сотталған адамның мерзімінен бұрын бостандыққа шығуға құқығы бар. Бірақ әрбір адамның ісі жеке қаралады. Республика бойынша есірткі қылмыстары бойынша 4 мыңға жуық адам сотталды. Олардың ішінде 1 200-ден астамы есірткі жасырғаны үшін түрмеге қамалды.

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
САНАҒЫ ӨТЕДІ**

Қазақстан үкіметі 2023 жылдың 29 желтоқсанында қабылдаған қаулыға сәйкес, елімізде 2025 жылдың 1 тамызы – 20 қазаны аралығында ауыл шаруашылығы санағы өтеді. Санақты жүргізген кезде орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру арнайы құрылған комиссияға жүктеледі. Қазақстанда ұлттық ауыл шаруашылығы санағы бір рет – 2006-2007 жылдары өткізілген.

10

ШАРТАРАП

2025

№1 (4745) 07/01/2025 Сейсенбі

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**ЭКОНОМИКАНЫҢ
ДАМУЫНДАҒЫ
ҮЛКЕН СЫНАҚ**

Экономикалық тұрғыдан алып айтқанда, 2025 жылы әлемдегі геосаяси шиеленістер мен сауда соғыстарының қаупі экономикалық өсімге тосқауыл болуы мүмкін. Әлемдік нарықтардағы тұрақсыздық пен инфляция деңгейінің өсуі инвестициялық климатты нашарлатуы мүмкін дейді мамандар. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығындағы қиыншылықтар мен жаратылыстық апаттарға байланысты әлемнің көптеген өңірлерінде азық-түлік тапшылығы туылуы мүмкін. Әсіресе, Африка мен Азияның кейбір елдерінде гуманитарлық дағдарыстардың қаупі бар. Дегенмен, жасыл энергетика саласындағы жобаларға деген сұраныс артып, жаңартылатын энергия көздеріне салынатын инвестициялар өткен жылдармен салыстырғанда рекордтық деңгейге жетеді.


Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (OECD) 2025 жылы әлемдік экономиканың өсуі 3,3% төңірегінде болады деп болжаса, Халықаралық валюта қоры (IMF) 2025 жылы әлемдік экономиканың өсуі 3,2% болады деп тұспал жасады. Ал Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму конференциясы (UNCTAD) 2024 жылғы «Әлемдік сауда және даму туралы есепте» 2025 жылдары өсім тек 2,7% болады деп болжаған, бұл 2001-2019 жылдар аралығындағы орташа жылдық өсімнен (3%) төмен.

АҚШ ЖӘНЕ ӘЛЕМ

АҚШ – әлемдегі ең қуатты мемлекеттердің бірі, оның сыртқы саясаты мен экономикалық шешімдері әлемдік жағдайға да айрықша әсер етеді. Сосын да 2024 жылдың қараша айында өткен АҚШ-тағы сайлауға бүкіл әлем назар аударды. Бұл сайлауда Республикалық партия кандидаты Дональд Трамп АҚШ-тың 47-президенті болып сайланды. Осылайша араға төрт жыл салып билік тізгінін қайта қолға алған ол бұдан бұрынғы билік мерзімінде «Америка бірінші» саясатын ұстанып, АҚШ-ты Париж климаттық келісімі сияқты бірқанша халықаралық келісімдерден шығарып, даулы қадамдарға да барған еді. Сосын да қазір әлем Трамптың алдағы 4 жылдағы саясатына нақты болжам жасай алмай отыр.

Қалыптасқан дәстүр бойынша, ол ресми қызметіне 2025 жылғы 20 қаңтарда ант беру рәсімінен кейін кіресі. Сайлаушыларға елдің ішкі мәселелерін басты орынға қоюға, атап айтқанда, заңсыз мигранттар ағынына тосқауыл қоюға, отандық өндірушілерді қорғап, кейбір шектеулерді алып тастауға, сырттан келетін тауарларға баж алымды көбейтуге, салықты азайтуға уәде еткен ол АҚШ-тың экономикалық қуатын арттыруға барынша тырысатыны анық.

Сауда және экономикалық саясат тұрғысынан алып айтқанда, Трамп тағы да «Америка бірінші» саясатын ұстанып, басқа елдермен сауда келісімдерін қайта қарауға, тарифтер мен кедендік шектеулерді көтеруге күш салады. Бұл әлемдік экономикада сауда соғысы мен экономикалық тұрақсыздықты тудыруы мүмкін. Қытаймен қарым-қатынас шиеленісіп, АҚШ-тың Еуропа Одағымен сауда байланыстары да қайта қаралуы ықтимал. Сондай-ақ АҚШ Қытайдың телекоммуникация, жасанды интеллект, 5G және басқа да жоғары технологиялық салалар-



2025 ЖЫЛ: ҮМІТ БАСЫМ, КҮДІК ТЕ КҮШТІ

2025 жыл халықаралық саясатта үлкен өзгерістер болуы мүмкін. Алпауыт елдер арасындағы текетірес бұрынғыдан да күшейіп, Қытай Азия-Тынық мұхиты аймағындағы экономикалық және әскери ықпалын арттыруға, «Бір белдеу, бір жол» бастамасы арқылы жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуге тырысса, Ресейдің Таяу Шығыс пен Орталық Азиядағы ықпалы үлкен сынақтарға дөп келуі мүмкін. АҚШ өзінің әскери және технологиялық артықшылықтарын пайдалана отырып, әлемдегі «қожалық» ролін жағастырады. НАТО-ның жаңа стратегиясы мен Еуроодақтың саяси бағытында өзгерістер күтіп тұрған сыңайлы. Ал Орталық Азияда Түркия, Қытай және Ресей арасында өңірдегі ықпалға байланысты жаңа ойын ережелері қалыптасады.

да да Қытайға кедергі жасауға тырысуы; Қытайдың әлемдік үстемдікке ұмтылысын шектеп, халықаралық қауымдастықты өз мүддесіне қарай басқаруға тырысуы мүмкін.

**УКРАИНАДАҒЫ
ҚАҚТЫҒЫС
ТОҚТАЙ МА?**

Украинадағы соғыс «2025 жылы тоқтайды» деп дөп басу айту қиын. Себебі соғыстың тоқтауына тек Украина мен Ресей арасындағы келіссөздер ғана емес, сондай-ақ халықаралық қауымдастықтың ықпалы да әсер етеді. Сайлау алдында «президент болып сайлансам, Украина мен Ресей арасындағы соғысты 24 сағат ішінде тоқтатам» деп мәлімдеген Трамптың шығыс Еуропадағы шиеленісті шешудің нақты жоспары әлі белгісіз. Оның үстіне, 20 пайыз жерінен айырылған Украинаның Трамп айтты екен деп бір күнде соғысты тоқтата салуы екіталай. Ресей Сыртқы істер министрі Лавров ТАСС агенттігіне берген сұхбатында: «біз жаңа сайланған президент командасының өкілдері ұсынған Украинаның НАТО-ға қосылуын 20 жылға кейінге қалдыру және Украинада «Ұлыбритания мен Еуропа әскерлерінің» бітімгершілік күштерін орналастыру ұсынысымен келіспейміз» деп ашық айтқанын ескерсек, қазір майдан шебінде әлі де басым тұрған Ресей де «қой дегенде қоя салмауы» мүмкін.

Дей тұрғанмен, 3 жылға жуық жалғасқан соғыстан екі

тарап та орасан зор шығынға ұшырап, әбден қалжырады. Сондықтан екі тарап та АҚШ-тың араласуымен келісімге келуге тырысатыны анық. Бірақ келісім қалай? Кімнің пайдасына жасалады? Басты мәселе соған тіреліп тұр. НАТО-ға кіруді, АҚШ бастаған елдерден қауіпсіздік кепілін алуды басты мақсат етіп отырған Украина қазір Трамп командасының тілін тауып, Ресейдің бетін қайтаруға барынша тырысып жатыр. Ал Трамп болса, Ресейге қатысты саясатында дипломатиялық қатынастарды жақсарту, санкцияларды жеңілдету немесе алып тастау ойында болуы мүмкін. Өйткені Ресей президенті Владимир Путинмен жақын қарым-қатынаста болған ол Ресейді АҚШ-тың жауы ретінде емес, өзінің мүдделерін қорғауға тырысатын халықаралық бәсекелес ретінде көретін сыңайлы. Сондықтан Трамп Ресеймен қарым-қатынасын жақсартып, Қытайды және басқа да қарсыластарын оқшаулай отырып, қыспаққа алуы мүмкін. Өйткені Трамп та Ресейді оқшаулап, санкцияны үсті-үстіне төпелеп, қыспаққа ала берсе Қытаймен және Иран, Солтүстік Кореямен тіл біріктіріп, АҚШ-қа қарсы күш қалыптастыруы мүмкін деп қауіптенеді. Осы тұрғыдан алғанда, Трамп Ресейді НАТО-ның аяғына жығып бермейді, «істік те, тәстік те күймейтін» бір жолды таңдап, Ресейді ыңғайсыз жағдайдан шығарады. Алайда Украина мен оның одақтастары,

әсіресе Еуропалық Одақ пен НАТО Ресейдің агрессиясын тоқтатуды қатаң талап етіп отыр. Сондықтан Трамптың Ресейге қатысты саясаты Еуропа одағы мен АҚШ арасындағы қарым-қатынасқа салқынның тигізіп, НАТО-ның ішкі бірлігін де әлсіретуі әбден мүмкін.

Сонғы күндері «соғыс ақпан айының ортасында, әрі кетсе сәуір айында тоқтайды, Трамп Германия мен Қазақстанның бірінде Путинмен кездесуі мүмкін» деген болжам да айтыла бастады. Жақында Германияның бундестаг депутаты Родерих Кизеветтер «Ресей мен АҚШ президенттері Владимир Путин мен Дональд Трамп наурыз айында кездеседі, осы кездесудің алдында канцлер Олаф Шольц Германиядағы 23 ақпанда өтетін сайлауға дейін Мәскеуге сапар жасауы мүмкін» деген болатын. Мейлі, қайсы елде кездесе де, Трамп пен Путин кездеспей Украина соғысы да тоқтамайды. Өйткені Трамп сайлауда жеңіске жеткеннен кейін көп өтпей «Путинмен тезірек кездесіп, мәселені шешуіміз керек» деген емеурін танытса, қараша айында Путин Дональд Трамппен Украинадағы атысты тоқтату туралы келісімді талқылауға дайын екенін білдірген болатын.

ЖАҢА МҮМКІНДІК

Сириядағы Башар Асад билігінің құлауы дүниеге үлкен өзгеріс әкеліп, Ресейдің экономикасына ауыр соққы болуы мүмкін. Өйткені Сирияның

географиялық орны Парсы шығанағы елдерінің газын Түркия арқылы Еуропаға тасымалдауға қолайлы. Асад билігі кезінде Сирия Иран мен Ресейдің мүдделеріне тәуелді болды да, бұл жоба жүзеге аспады. Егер жаңа үкімет бұл жобаға қолдау білдірсе, алдағы уақытта Сирия арқылы мұнай тасымалы жанданады. Мәселен, әлемдегі ең ірі сұйытылған табиғи газ (LNG) экспорттаушы ел саналатын Катар Сирия арқылы газ құбырын салып, Еуропаға газ жеткізе алады. Сауд Арабиясы мен Кувейт мұнайын Сирия арқылы Түркияға немесе Жерорта теңізіндегі порттарға жеткізу логистикалық жағынан аса тиімді. Демек, Сирияда саяси тұрақтылық орнап, инфрақұрылымдық жобалар қайта іске қосылса, онда Парсы шығанағы елдері (Катар, Сауд Арабиясы, Ирак), сондай-ақ Түркия арқылы Еуропаға энергия жеткізу мүмкіндігі айтарлықтай ұлғаяды. Әсіресе, Еуропа үшін бұл Ресей газына тәуелділікті азайтуға бағытталған стратегиялық балама болатыны анық. Екінші тұрғыдан, Ресей өзінің энергия ресурстары арқылы Еуропаға үлкен саяси ықпалын жүргізіп келеді. Егер балама жеткізу жолдары пайда болса, бұл Ресейдің саяси қысым жасау мүмкіндігін шектейді.

2019 жылы жасалған келісімнің мерзімі аяқталуына және Украинаның оны ұзартудан бас тартуына байланысты 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап Ресейдің «Газпром» компаниясы Украина арқылы Еуропаға газ тасымалдауды тоқтатты. Газ транзитінің тоқтауы Ресейдің экспорттық табысын төмендетті. Яғни аталған желі жабылғаннан кейін жылына 5 миллиард доллардан астам шығынға ұшырайды. 2022 жылдың қыркүйегінде «Солтүстік ағын» құбырларында жұртшылығы болып, газ жеткізу тоқтаған еді. ЕО мәліметі бойынша, Мәскеу 2021 жылы ЕО-ның табиғи газға деген қажеттілігінің 40%-дан астамын қамтамасыз етсе, 2023 жылға қарай бұл үлес шамамен 8%-ға дейін төмендеген. Демек, Еуропа нарығында Ресейдің үлесі төмендесе, ол өз энергиясын Қытай, Үндістан, және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне қайта бағыттауға мәжбүр болады. Ресей қазірдің өзінде «Сила Сибири» сияқты жобаларды дамытып жатыр.

**ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ
ҚАЙЫРЛЫ ҚАДАМ**

Біріккен Ұлттар Ұйымы 2025 жылды «Халықаралық кванттық ғылымдар мен технологиялар жылы» деп жариялады. 2025

жылы ғылым мен техника саласындағы даму бірнеше маңызды бағыттарда қарқынды жүріп, адамзат өмірінің барлық салаларына әсер етпек.

Жасанды интеллект (AI) жаһандық экономика, өнеркәсіп және қоғамдық өзгерістердің қозғаушы күшіне айналады. 2025 жылы AI денсаулық сақтау, білім беру, көлік және басқа да салаларға дендеп еніп, жұртшылықтың жұмыста және күнделікті өмірде кеңінен қолданылатын қолайлы құралына айналады. Бұл адамзаттың жұмысын жеңілдетіп, көптеген салаларды оңтайландырады. Дегенмен, оның этикалық және әлеуметтік мәселелерін шешу өзекті мәселе болып қала береді.

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯ
ЖӘНЕ БІЗ**

2025 жыл Орталық Азия және Қазақстан үшін аймақтық, жаһандық саяси, экономикалық және әлеуметтік факторлардың ықпалымен маңызды өзгерістер мен мүмкіндіктер кезеңі болуы мүмкін.

Украинадағы соғыс және АҚШ – Қытай арасындағы шиеленіс аймақтағы геосаяси тепе-теңдікке үздіксіз әсерін тигізеді. Ресейдің ықпалы сақталғанымен, Қытайдың аймақтағы экономикалық және саяси ықпалы артады. Ал Қазақстан Орталық Азияда интеграция көшбасшысы ретіндегі орнын нығайтуға тырысып, Еуразия құрлығында маңызды транзиттік хаб ролін атқаруға ұмтылады.

Мұнай мен газдың әлемдік нарықтағы бағасының өсімі Қазақстан экономикасына тікелей әсер етеді. Жасыл энергетикаға көшу үдерісі Қазақстанның дәстүрлі энергия көздерінен түскен табысын әртараптандыру қажеттігін арттырады. «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясында Қазақстан мен Қытай арасындағы инфрақұрылымдық және логистикалық жобалар дами түседі. Орталық Азия елдері Қытай инвестицияларының аймаққа ағынын ұлғайтуға тырысады.

Қазақстан Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстанмен экономикалық және сауда байланыстарын нығайтып, Түркі мемлекеттер ұйымы аясындағы ынтымақтастықты күшейтеді, бұл мәдени және экономикалық интеграцияға ықпал етеді. Сондай-ақ Қазақстан IT және инновациялық салаларды қолдауға ерекше назар аударады. Дегенмен, көршінің көңіліне қарап, «Ұзын сызса жүріп, қысқа сызса тұратын» ықтай жалдап күн кешетін саясат өзгермейді.

ЕЛОРДАНЫ ГАЗДАНДЫРУ ЖАЛҒАСАДЫ

Астанаға табиғи газ келгелі 5 жыл болды. Осы уақыт ішінде елорда тұрғындарының қаншасы көгілдір отынға қол жеткізді? Бүгінгі Астананың экологиялық ахуалы қандай, жұрт көмір жағу машақатынан құтылды ма? «Астана ақшамы» осы және басқа да сауалдарға жауап іздеп көрді.



Елорда тұрғындарына көгілдір отын осыдан 5 жыл бұрын 2020 жылдан бастап беріле бастады. Бүгінде Астаналық 11 042 абонент газға қосылған. Астананы газдандыру жобасы 2019 жылы Қараөзек – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана бағытындағы «Сарыарқа» магистралдық газ құбырын іске қосу жұмыстары аяқталған соң жүзеге асырылған болатын. Орталық және Солтүстік аймақтарды газбен қамтитын аталмыш жоба 5 кезеңге бөлінді. Сыр елінен елордаға тартылған газ құбырын қосудың бірінші кезеңі 2021 жылға дейін жалғасты. «Көгілдір отын» игілігіне алғаш қол жеткізген – Көктал-1, Көктал-2, Агроқалашық, Железнодорожный, Промышленный, Юго-Восток оң және сол қанаты, Күйгенжар, Мичурин, Интернациональный «Ақбидай», «Қазақ ауыл» шағын аудандары, сонымен қатар Потанин көшесінің ескі қала бөлігіндегі елорда тұрғындары еді.

Орталық Қазақстан мен еліміздің елордасын бірыңғай газ тасымалдау жүйесімен байланыстыратын «Сарыарқа» магистралдық газ құбыры 2019 жылы салынған және оның жалпы ұзындығы 1061 шақырым, ол Астанаға дейінгі 170-тен астам елді мекенді қамтиды.

Елордада алғашқы болып үйіне табиғи газ кіргізген Железнодорожный шағын ауданында тұратын – Исламовтар отбасы болатын. 25 жыл бойына от жағып, күл шығарған тұрғындар газ келген күнді ерекше еске алады:

– «Мен үйімізге алғаш газ кіргізілген күнді – 2020 жылдың 11-қарашасын ешқашан ұмытпаймын деп ойлаймын. Өйткені қуанышымызда шек болмады. Отын тасып, әуреге түсіп, үйді жылыту үшін көп машақат көретін едік. Бір тамақ істеудің өзіне қаншама уақытымызды сарп ететінбіз. Міне, содан бері табиғи газ игілігін көріп жатқанымызға да 5 жыл болыпты. Астаналықтарға үздіксіз газ беріліп тұрсын, Құдай бұйырса. Біз сияқты зейнеткер жасындағы адамдарға үйдің жылы, жайлы болғаны қандай тамаша. Осылай халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартып жатқан Үкіметке алғысымды жаудырамын. Газ мамандары тұрақты түрде техникалық тексерістерін жасап кетеді. Ай сайынғы газ ақысын да үйден шықпай-ақ төлейтін болдық. Бәрі онлайн, оңай, тез әрі қолайлы болды. Көп рахмет» дейді астана тұрғыны Данир Исламов.

Мамандардың айтуынша, елорданы газдандыру қалаға зиянды қалдықтарды 6 есеге, қатты заттарды 40 мың тоннаға азайтуға мүмкіндік береді.

«ҚазақГаз Аймақ» АҚ Астана өндірістік филиалының директоры Уәлихан Қымбатов:

– Астанаға табиғи газ берілгелі қала маңындағы шағын аудандар мен елді мекен тұрғындарының өмір сүру сапасы едәуір жақсарды. Оның шаһардың экологиялық ахуалына оң әсерін айтпағанның өзінде, қарапайым тұрғындар от жағу, жылда отын сатып алу, күл шығару сияқты машақаттан құтылды. Елордада алғаш газ берілген күн мен бүгінді салыстыруға келмейді, әрине. Газ саласына ендіріліп жатқан цифрландыру жобалары – газға қосылуды қолайлы етіп қана

қоймай, тиімділігін де көрсетуде. Айталық, 2023 жылдың қазан айынан бастап үйге газ кіргізуге арналған техникалық шарттарды алу – онлайн форматқа ауыстырылды. Тұрғындар осы кезде eGov.kz порталы арқылы өтініш беріп, ешқандай кеңсеге бармай, кезекте тұрмай-ақ, үйіне көгілдір отын кіргізе алады. Жеке тұлғалармен қатар, заңды тұлғаларға да газ тартуды рәсімдеу жеңілдетілді. Газды бөлшек саудада өткізу шарттарына электрондық қол қою порталы іске қосылды. «ҚазақГаз Аймақ» АҚ қазір 2,4 млн тұтынушыға, оның ішінде 60 мыңға жуық заңды тұлғаға табиғи газды жеткізумен айналысуда. Бұған қоса газ тарату желілерінің сандық қартасы да цифрландырылды. Атап айтсақ, 69 мың шақырымдық газ тарату желілерінің 48 мыңы – 70% GPS-координаттарына жалғаулы электрондық форматқа ауыстырылды. Цифрмен айтсақ, 2023 жылдың соңында 2 газ жылу стансасы: «Оңтүстік-Шығыс» ГЖС және «Тұран» ГЖС-ның 1-кезеңі пайдалануға берілді. 2-кезеңі іске асыру шеңберінде 2023 жылдың соңында айналма жол бойынша жалпы ұзындығы 96 шақырымдық құрайтын газ құбырлары пайдалануға берілді. Газ тарату желілері «Тельман», «Пригородный», «Family Village», «Garden Village», «Қараөткел» және «Ильинка» сияқты тұрғын алаптарға жеткізілді.

Астана қаласын газдандырудың соңғы кезеңі «Тельман», «Пригородный», «Family Village», «Garden Village», «Қараөткел», «Өндіріс» тұрғын алаптарында қуаттылығы 320 мың м3/сағ АГТС-3 құрылысын және тарату желілерін салуды көздейтін 3

кезеңі іске асыру болып табылады. Осы жобаларды іске асыру мерзімі – 2024-2026 жылдар. Жұықта «Family Village» тұрғын алабына газ беру жоспарлануда, бұл 458 үйді қамтиды.

«ҚазақГаз Аймақ» АҚ Өндірістік-техникалық департамент директоры Абликим Юсупов:

– Астана қаласын газдандыру жобалары межелеген жоспарға сай, қауіпсіздік шаралары сақтала отырып іске асуда. Қала халқының өсуіне орай, оған техникалық қызмет көрсету жұмыстары да артты. 2024 жылды апатсыз өткіздік. «ҚазақГаз Аймақ» АҚ 2023 жылы да жазатайым оқиғалардың алдын алып, газ қауіпсіздігі шараларын мейлінше күшейткен болатын. 2024 жылы барлық филиалдарымыздағы апаттық-диспетчерлік қызмет автопарккі жаңартылып, 63 көлікпен толықты. Бұл жұмыс 2025 жылы да жалғаспақ. Алматы, Шымкент, Зайсан қалалары мен Түркістан, Жамбыл, Ақтөбе және басқа да облыстарындағы газ желілері де осы жылы жөнделіп, жаңартылды.

«ҚазақГаз Аймақ» компаниясы тұтынушыларды газды пайдаланғанда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға, әсіресе газ құрылғыларын пайдалану кезінде аса сақ және мұқият болуға шақырады және осы бағыттағы түсіндіру жұмыстарын жан-жақты жүргізіп келеді. Мысалы, осы жылдың 13 қыркүйегінен бастап барлық өңірлерде «112» бірыңғай диспетчерлік қызметінен табиғи газды пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша азаматтардың ұялы телефондарына апта сайын SMS-хабарлама жіберу басталды. Сондай-ақ өңірлерде Төтенше жағдай департаменттері мамандарымен бірлесіп жоспарлы негізде рейдтер ұйымдастырылуда. Бұл іс-шаралар қауіпсіздік стандарттарының сақталуын бақылау мен қадағалауға ықпал етіп отыр.

Бұған қоса компания Instagram және Facebook сияқты әлеуметтік желілерді де белсенді пайдаланып, тұтынушыларды табиғи газды қауіпсіз пайдалануға үйретуде. Теларналардан күніне 3-8 рет шығатын бейнероликтер аурухана мен емхана, сауда орталықтары, ХҚКО, көшедегі қоғамдық көліктердегі мониторлардан да үздіксіз көрсетіліп жатыр.

Әр шаңыраққа жылу мен жылулық сыйлауды, қауіпсіз газ жеткізуді мақсат тұтқан «ҚазақГаз Аймақ» АҚ мамандары, алдағы уақытта да әлемнің ең озық технологияларын ендіріп, қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға үлес қоса бермекпіз дейді. Компанияда Астана тұрғындары күннен күнге газ игілігіне қол жеткізе береді деп сендірді.



КҮНДІЗ-ТҮНІ ҚАР КҮРЕДІ

Астанада қар тәулік бойы күреліп жатыр. Қаладан бір күнде 38 мың текше метрден астам қар шығарылды.

Ережеге сәйкес, жолдарда кептеліс болмас үшін қозғалысы өте қарқынды жолдар алдымен тазартылды. Одан кейін алаңдар, вокзал маңы аумақтары, тротуарлар, әлеуметтік нысандарға кірме жолдар және т.б. тазартылды.

5 қаңтар күні күндізгі ауысымға қала көшелерінің қарын күреуге 337 жол жұмысшы мен 1206 арнайы техника шықты.

Олардың күшімен қаладан 2938 рейспен 38602 текше метр қар шығарылды. Қыс мезгілінің басынан бері елордадан 178 098 рейспен 2 352 714 текше метр қар шығарылды.

Қалада жабдықталған бірнеше қар полигоны бар. Олар самосвал техникасының нөмірлік белгілерін оқу жүйесімен жабдықталған, бейнебақылау камералары орнатылып, жарық қосылған.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы № 505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 29 қаңтарда сағат 11:00-де, Республика даңғылы, 32, 1 қабат мекенжайы бойынша өтеді. Заңды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. «Алматы» ауданы, Күйші Дина көшесі, 23А, «Сауықтыру, көпфункционалды әкімшілік тұрмыстық кешенді» орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші «Bolid-CW» ЖШС;
2. «Алматы» ауданы, А108 көшесі, 18/2 учаскесі, «Сауда павильоны» орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші Сауырбаева

Гаухар Каналбаева;
3. «Алматы» ауданы, Ж.Нәжімеденов, Ш.Қалдаяқов және А51 (жобалық атауы) көшелерінің қиылысы ауданында, «Коммерциялық үй-жайлары бар тұрғын үй кешені», орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші «Kaz Building (Kaz Билдинг)» ЖШС;

4. «Алматы» ауданы, А268 және А103 (жобалық атаулар) көшелерінің қиылысы ауданында «Абаттандыру элементтерін консервациялау кезінде материалдарды сақтауға арналған базаны», орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші «Астана қаласы «Алматы» ауданы әкімінің аппараты» ММ. Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде n.seitzhparov@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының басшылығы мен ұжымы прокуратура органдарының ардагері
Амангелді Бөкенұлы Баймағамбетовтың қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



МЕТАПНЕВМОВИРУСЫ ТАРАЛУДА

Метапневмовирус, негізінен, ауа арқылы таралатын, инфекциялардың басқа түрлерімен қатар айналымдағы вирустардың бірі. Ол көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда, ЖРВИ және тұмаудың маусымдық асқыну кезеңінде белсенді айналымда болады. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті әлемде метапневмовирустың таралуы туралы БАҚ-тағы соңғы жаңалықтарға орай мәлімдеме жасады.

Мониторингке сәйкес эпидемиялық маусымның басында республика бойынша тұмауға байланысты вирустар бойынша 8 мыңнан аса үлгі зерттелген. Оның 22%-ы – оң, соның ішінде парагрипп – 9%, МС вирусы – 23%, риновирус – 36%, бокавирус – 6%, аденовирус – 12%, коронавирусы – 11%, метапневмовирус – 1,6%. Қазіргі уақытта Қазақстанда, бүкіл әлемдегідей ЖРВИ және тұмаумен ауыратындардың артқаны байқалды.

Ағымдағы эпидемиологиялық маусымның басынан бері республикада ЖРВИ-мен сырқаттанушылықтың 20% төмендегені байқалады, тұмаумен сырқаттанушылық өткен эпидемиологиялық маусым кезеңімен салыстырғанда бұрынғы деңгейде қалды.

Комитет халықты алдын алу шараларын сақтауға және адамдар көп жиналатын жерлерде өзара қарым-қатынасты шектеуге шақырады,

бұл әсіресе созылмалы аурулары бар ең осал топтағы адамдарға қатысты. Аурудан сақтану үшін үй-жайларды үнемі желдетіп отыру, науқас адамдармен байланысты шектеу, оларды оқшаулау, тұмау және ЖРВИ белгілері пайда болған кезде балаларды сыртқа шығармау және балабақшалар, мектептерге жібермеу керек. Аурудың белгілері пайда болса, дер кезінде медициналық көмекке жүгінген абзал.



ASTANA

AQSHAMY

Қаңтар

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
			1	2	3	4 5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31		

Ақпан

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28		

Наурыз

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30
31						

Сәуір

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30		

Мамыр

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30	31	

Маусым

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	29
30						

Шілде

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30	31	

Тамыз

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30
31						

Қыркүйек

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30					

Қазан

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30	31	

Қараша

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30

Желтоқсан

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30	31				

1, 2 қаңтар – Жаңа жыл; 7 қаңтар – Рождество мерекесі; 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні; 22 наурыз – Наурыз мейрамы; 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні; 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні; 9 мамыр – Жеңіс күні; 6 маусым – Құрбан айт; 6 шілде – Астана күні; 30 тамыз – Конституция күні; 25 қазан – Республика күні; 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні.